

# МАҚТААРАЛ

№44 (9221) жұма  
27 қазан, 2023 жыл

Мақтаарал аудандық қоғамдық-саяси газеті

E-mail: maqtaaral\_gazeti@mail.ru

Газет 1931 жылдың маусым айынан бастап шығады

## Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Республика күніне орай мемлекеттік наградалар мен сыйлықтарды салтанатты түрде тапсыру рәсімінде сөйлеген сөзі

### Қымбатты отандастар! Қадірлі қауым!

Еліміздің ең басты мейрамы – Республика күні құтты болсын! Бұл – қазақтың мемлекеттік дәстүрі қайта жаңғырған тарихи күн. Көк түріктер дәуірінен, Алтын Орда, Қазақ хандығы заманынан келе жатқан елдігіміз тамырын тапқан күн. Бұл – Алаш арыстарының азаттық жолындағы арпалысы ақталған күн.

Халқымызда «Егемен болмай, ел болмас» деген сөз бар. Осыдан 33 жыл бұрын тарихи әділдік орнады. Қазақстанның Мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданды. Осы маңызды құжат жұртымыздың азаттық алуына жол ашты. Шын мәнінде, Егемендік декларациясын қабылдау оңайға соққан жоқ. Еліміздің ұлттық құрамы біркелкі емес еді. Сол кездегі Парламентте, яғни Жоғарғы Кеңесте және бүкіл қоғамымызда ұзақ пікірталас, қызу талқылау болды. Құжаттың әр сөзін, әр бабын қорғауға тура келді.

Әлихан Бөкейхан «Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана» деген. Ел ағалары халқымыздың ардақты ұлының бұл өсиетіне адал болды. Олар жауапты сәтте ұйымшылдықпен ұлт мүддесін қорғай білді. Аққолтай құжат жұртымыздың талап-тілегіне сай жазылды, отаншыл азаматтардың ақыл-парасатының арқасында қабылданды. Олардың сын сағаттағы батылдығын нағыз ерлік деп бағалауға болады.

Біз қазір Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Сондықтан өткен заманның қайраткерлеріне, олардың еңбегіне лайықты, әділетті баға беріп отыруымыз керек. Азаттық жылнамасында Салық Зиманов, Серікболсын Әбділдин, Қаратай Тұрысов, Зинаида Федотова, Ерік Асанбаев, Әбіш Кекілбаев, Ғайрат Сапарғалиев, Сұлтан Сартаев, Әзбекәлі Жәнібеков, Олжас Сүйеіменов, Александр Княгинин, Мырзатай Жолдасбеков, Әмірбек Байгелді, Қуаныш Сұлтанов, Сергей Терещенко және тағы басқа көптеген тұлғаның есімін құрметпен атап өту керек. Елін сүйген ерлердің отаншылдығы және олардың ұлт мүддесіне адалдығы әрдайым кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болуға тиіс. Біз тарихи әділдік жолын берік ұстануымыз керек. Осы орайда, тұңғыш президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тарихи рөлін атап өткен жөн. Себебі ол еліміздің тәуелсіз мемлекет атанып, тұғырын бекемдеуге орасан зор еңбек сіңірді.

### Ардақты ағайын!

Қазақта «Егемен елдің еңсесі биік» деген сөз бар. Азаттықпен бірге ұлттың рухы көтерілді. Халқымыз көптеген табысқа жетті. Тәуелсіздік жылдарын біздің халқымыз абыроймен жүріп өткен дара жол деуге болады. Осы кезеңде біз қуатты әрі жауапты мемлекет ретінде қалыптастық, елдігіміздің тұғырын нығайттық. Көк туымыз Біріккен Ұлттар Ұйымының төрінде тұр. Көрші елдермен сындарлы келіссөз жүргізіп, шекарамызды біржола шегендедік. Соның арқасында шынайы достық шекарасы қалыптасты, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздігімізді қамтамасыз еттік.

Мемлекетіміздің жетістіктерін қаперден шығармай, үнемі айтып жүру керек. Өйткені оның бәрі –

Қазақстанның шынайы егемендігінің жемісі. Сонымен бірге, әрине, қателіктер де болды. Оны ұмытпаған жөн. Қазақстанның тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін одан қорытынды жасалуға тиіс.

Еліміз соңғы жылдары түбегейлі жаңғырды. Біз ауқымды, бірегей конституциялық реформа жасадық. Бұл маңызды қадам біздің геосаяси ортамызды алып қарасақ, теңдессіз реформа болды. Жалпыұлттық референдумда халқымыз бұл өзгерістерге барынша қолдау білдірді. Азаматтардың саяси үдеріске қатысу мүмкіндігі айтарлықтай артты. Мемлекет пен қоғамның қарым-қатынасы жаңа сипатқа ие болды. Яғни, жалпыұлттық диалогтың ауқымы кеңейді. Президент жеті жылға бір рет қана сайланатын болды. Аралас сайлау жүйесі енгізілді. Мұның бәрін саяси реформаның басты мазмұны деуге болады.

Осыдан тура бір жыл бұрын мен ауқымды сайлау кезеңі басталатынын айтқан едім. Қысқа мерзім ішінде Президент, Сенат пен Мәжіліс, барлық деңгейдегі мәслихаттар сайлауы кезең-кезеңімен өтті. Оның бәрі жаңа әділ ережемен жүргізілді. Бұл сайлаулар азаматтарымыздың саяси және сайлау мәдениетінің деңгейі өскенін көрсетті. Ауыл әкімдерін тікелей сайлаудың енгізілуі саяси реформадағы аса маңызды қадамның бірі болды. Қазірге дейін 1900-ден астам ауыл округында сайлау өтті. Ауыл әкімдерінің 60 пайызға жуығы жаңарды.

Жақында аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін азаматтарымыз тікелей сайлайтын болады. Өзірге жаңа тәсілдің тиімділігін байқап көреміз. Адам құқығын қорғау жүйесі жетіле түсті. Конституциялық Сот қайта құрылды. Омбудсмендердің мәртебесі көтеріліп, құзыреті кеңейді. Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамдарға жаза күшейтілді. Қазақстан әлеуметтік салада айтарлықтай табысқа қол жеткізді. Халықтың денсаулығын жақсарту үшін қомақты қаржы бөлініп жатыр. Соның нәтижесінде азаматтардың орташа жасы 74,4 жасқа жетті. Бұл – ел тарихындағы рекордтық көрсеткіш. Қиындығы көп болған тоқсаныншы жылдарда халық саны күрт азайды. Біз қазіргі таңда осы демографиялық құлдырауды еңсердік. Көп ұзамай халқымыздың саны 20 миллионға жетеді. Бұл еліміздің тұрақты дамуының айқын көрінісі деуге болады. Бір сөзбен айтқанда, азаматтарымыз өз ұрпағының жарқын болашағына және еліміздің ертеңіне сеніммен қарайды. «Ұлттық қор – балаларға» бастамасын жүзеге асыру үшін тиісті заң қабылданды. Нөбәрі екі айдан кейін балаларымыздың есеп-шотына қаржы түсе бастайды.

Мемлекеттік саясаттағы маңызды бағыттың бірі – аймақтарды жан-жақты дамыту. «Қуатты аймақтар – қуатты мемлекет» дегеніміз – жалаң ұран емес. Бұл – Әділетті Қазақстанды құруға қажетті ең басты қағидат. Біз былтыр еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымына бірқатар өзгеріс енгіздік. Сол арқылы кейбір облыстың дамуына тың серпін бердік. Менің тапсырмаммен ауыл-аймақты дамыту тұжырымдамасы қабылданды. Бұл құжаттың мән-маңызы зор. Аймақтарда әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын құру – басты міндет.

(Жалғасы 2-бетте).

## ҚР ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ Н.ӘБДІРОВ МАҚТААРАЛҒА КЕЛДІ

Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауын іске асыру мақсатында ағымдағы жылдың 5 қарашасына еліміз бойынша пилоттық режимде 45 аудандар мен қала әкімдерінің сайлауы өтеді. Оның ішінде Мақтаарал ауданы әкімінің сайлауы да бар.



Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы аудан әкімінің сайлауын өткізу бойынша негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекітіп, қазіргі таңда тіркелген кандидаттар үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуде. Саяси науқанға байланысты жақында Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров Мақтаарал ауданына арнайы жұмыс сапарымен келіп, ауданның аудан әкімі сайлауына дайындығын пысықтады.

Ең алдымен төраға ауданымыздағы бірнеше учаскелік сайлау комиссиясының жұмысымен танысып, аудандық сайлау комиссиясының және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелеріне семинар-тренинг өтті. Мұнан соң аудандық жаңару орталығының үлкен залында аудан тұрғындарымен кездесіп, тұрғындарымыздың аудан әкімін сайлауы туралы ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

"Біздің келгендегі мақсат та өңірлерде, аудандардағы пилоттық режимде өтетін аудан әкімінің сайлауына дайындық мәселесін, сайлау учаскелерінің жарақтандырылуы, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың сайлауда дауыс беру құқықтарын қамтамасыз ету, сайлау комиссиясы мүшелерінің біліктіліктерін арттыру, қорыта айтқанда сайлауға дайындық мәселесін одан әрі пысықтай түсу, сайлау өткізу барысында заңдылықтардың қатаң сақталуын мүлтіксіз қамтамасыз ету" - деді Нұрлан Мәжитұлы. Жиында мемлекеттік қызмет саласының ардагерлері Нұрғали Тұрашев пен Шадиар Байтен сөз сөйлеп, сайлау туралы оң пікірлерін білдірді.

(Жалғасы 2-бетте).

### • МЕРЕКЕЛІК ШАРА

25 қазан - Республика күніне орай Мақтаарал ауданында Мемлекеттік Ту көтеру рәсімі өтті. Мырзакент кентінің орталық алаңында өткен іс-шарада аудан әкімі міндетін атқарушы Бейсенбай Төребеков Ту көтеріп, еліміздің Әнұраны шырқалып, барлық мемлекеттік қызметшілер Туға қарап сап түзеді.

## МЕМЛЕКЕТТІК ТУ КӨТЕРУ РӘСІМІ ӨТТІ


Ұлттық мереке – Республика күнін ресми түрде атап өту осы салтанатты шарадан басталды. Бұдан соң сахна төріне көтерілген Бейсенбай Тасболатұлы барша аудан тұрғындарын Ұлттық мерекемен құттықтады.

"Біздің бір ғана Отанымыз бар, ол тәуелсіз - Қазақстан. Қазақ халқы өзінің болашағы мен балаларының тағдырын сонымен ғана байланыстырады. Еліміздің әрбір азаматы мемлекет тарапынан жасалған қамқорлықты сезініп, игі істердің ұйытқысы бола берсін демекпіз. Республика күнімен шын жүректен құттықтай отырып, бостандық пен еркіндікті бастауы болып табылатын осы салтанатты күні Сіздерге игілік пен бақыт, бақ-дәулет, ырыс-несібе тілейміз. Қазақстанның тұрақты дамуы мен кемелденуі жолындағы еңбектеріңіз табысты, барлық бастамаларыңыз сәтті болсын, жерлестер!" - деді аудан әкімі м.у.а. Б. Төребеков.


Салтанатты шара барысында аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары патриоттық тақырыпта өндер шырқап, мерекенің көркін қыздырды.

Мақтаарал ауданы әкімінің баспасөз қызметі.

## НАГРАДА ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Е.ҚАНАЕВ.



М.ЕРДЕШОВ.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2023 жылғы 16 қазандағы № 377 Жарлығына сәйкес мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі сіңірген еңбегі, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін Мырзашөл өңірінің мына азаматтары марапатталды:

### «ПАРАСАТ» орденімен

ҚАНАЕВ Ережел Көбейұлы - құрылыс саласының ардагері.

БАЙДУЛЛАЕВ Әбдіманап - Мемлекеттік қызмет саласының ардагері.

### «ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН»

медалімен

ЕРДЕШОВ Махамбет - Мақтаарал аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы.

ҚҰРАҚБАЕВ Болат - жеке кәсіпкер.



Ә.БАЙДУЛЛАЕВ.



Б.ҚҰРАҚБАЕВ.

# Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Республика күніне орай мемлекеттік наградалар мен сыйлықтарды салтанатты түрде тапсыру рәсімінде сөйлеген сөзі

(Соңы. Басы 1-бетте).

«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы басталды. Осы жобаның аясында 655 амбулатория және фельдшерлік-акушерлік нысан салынады, құрал-жабдықпен толық қамтамасыз етіледі. Бұған қоса 20 ауданаралық көпбейінді емхана ашылады, ал 12 емхана заман талабына сай жаңарады. Яғни, төрт миллионнан астам ауыл азаматына сапалы дәрігерлік қызмет көрсетіледі. Елімізде «Жайлы мектеп» жобасы қолға алынды. 2026 жылға дейін барлық аймақта жүздеген жаңа мектеп бой көтереді. Ауылдарда 100 спорт орталығы ашылады. Сондай-ақ 650 мәдениет ошағы салынады және жөнделеді.

Баршаңызға мәлім, мен биылғы Жолдауымда еліміздің Жаңа экономикалық бағдарын ұсындым. Басты қағидаттарымыз әділдік, ашықтық және шынайы бәсеке болмақ. Яғни, біз қазір Жаңа экономикалық саясатқа жол ашып отырмыз. Негізгі мақсат – ұлт байлығын әділ бөлу, инфрақұрылымды жедел жаңғырту, кәсіпкерлікке қолдау көрсету және елімізге ауқымды инвестиция тарту. Үкімет пен әкімдер Мемлекет басшысының тиісті нұсқауларын, тапсырмаларын мұлткісіз орындауға міндетті. Бұл жұмыс Парламенттің жіті бақылауында болуы керек. Бір сөзбен айтқанда, экономикалық өзгерістердің игілігін жақын арада еліміздің барлық азаматы көруге тиіс.

Қазақстан егемен мемлекет ретінде әрдайым ұлттық мүддеге сай келетін салмақты әрі сындарлы сыртқы саясат жүргізеді. Халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді көздейтін аймақтық және жаһандық үдерістерде маңызды рөл атқарады. Біз әлемдік діндердің бір бірімен жақындасып, сындарлы диалог орнатуына күш саламыз. Қазіргі заманда мемлекеттердің ұжымдасып күш жұмылдыруы және дипломатияны даналықпен әрі жоғары кәсібилікпен жүргізуі әлемде ұзақ уақыт бойы тұрақтылық орнауына, елдердің жаппай дамуына, БҰҰ-ның Жарғысына негізделген әділетті халықаралық қатынастар жүйесі құрылуына жол ашады. Қазақстан «елдің ішінде де, айналасында да бейбітшілік», «аралаудық арқылы – бірлікке» деген қағидаттарды әрдайым берік ұстанады.

Қазақстанның алдында бұрын-соңды болмаған жаңа сын-қатерлер тұр. Осы күрделі кезеңде мемлекетіміздің орнықты дамуы өте маңызды. Біз болашаққа сеніммен қараған біртұтас Қазақ елін күллі әлемге танытуымыз керек. Егемендікке қол жеткізу оңай емес, ал оны сақтау тұру тіпті қиын. Шын мәнінде, тәуелсіздік – бәрінен қымбат.

Тәуелсіздікті сақтау бұл – ең алдымен, тұтас ұлттың жауапкершілігі. Біз егемендікті тынымсыз еңбекпен, мызғымас бірлікпен күн сайын қорғауымыз керек. Ең бастысы, еліміздегі тұрақтылықты сақтауымыз қажет. Себебі тыныштық болмаса, басқаның бәрі бекер. Әлемдегі ахуалдың қандай күрделі екенін көріп отырсыздар. Беделді халықаралық сарапшылар Қазақстанды бейбітшіліктің бәсігі деп атайды. Қазір біз аймақтың мәдени-рухани орталығына айналдық.

Биыл шетелдің өнер ұжымдары елімізде 200-ден астам мәдени іс-шара өткізді. Бұл – тұрақтылықтың, тыныштықтың айқын көрінісі. Мұны басқаларға үлгі-өнеге деуге болады. Ал тұрақсыздық жайлаған елге ешкім ұмтыла қоймасы анық.

Бейбітшілік – біздің басты байлығымыз. Оның қадіріне жетіп, бағалай білу – бәрімізге ортақ парыз. Мұны еліміздің әрбір азаматы, әсіресе, ескелең ұрпақ терең түсінуі қажет.

Қазақстан дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Саяси және әлеуметтік-экономикалық реформа қоғамдық санаңның түбегейлі өзгерісіне ұласуы керек. Мен Түркістанда өткен Құрылтайда сөйлеген сөзімде жаңа қоғамдық этика туралы айттым. Алқалы жиыннан соң Құрылтайдың кейбір мүшелері маған өз ұсыныстарын жолдады. Олар елімізде құндылықтар жүйесін қалыптастыру қажеттігіне назар аударуда. Шын мәнінде, мұны өте маңызды бастама деп ойлаймын. Оны жан-жақты талқылап, қарастыруымыз керек.

Мен бұған дейін Адал азамат ұғымын ұсындым. Осы орайда, жастарымызға арнайы үндеу жолдағым келеді. Елімізде жүзеге асырылып жатқан әрбір бастама, ең алдымен, сіздерге арналады. Қазіргі реформалардың игілігін көретін де, елдік істерді жалғастыратын да – сіздер.

Бүгінгі жастарды Қазақстанның келбеті деуге болады. Шын мәнінде, кез келген мемлекетті тұрғындарына қарап бағалайды. Яғни, біздің қандай ел боларымыз өскелең ұрпаққа байланысты. Сондықтан жастарымыз отаншыл, білімпаз, еңбекқор, үнемшіл, әділ әрі жанашыр болуы қажет. Жастар спортпен, дене шынықтырумен айналысуы керек. Мен мұны үнемі айтып жүрмін. Осы құндылықтарды барынша насихаттап, тарату қажет. Сонда жеке адамның қасиеті тұтас ұлттың қасиетіне айналады.

Жастар кез келген өзгеріске бейім болады. Әр нәрсені бойына тез сіңіреді. Мен сіздерді жақсыдан үйренуге, жаманнан жіренуге шақырамын. Ұлы Абай айтқан бес нәрседен қашық, бес нәрсеге асық болыңыздар. Сіздер дәріптеген құндылықтар қоғамда тез орнығады. Сіздер қолдаған өзгерістер жылдам жүзеге асады. Бәріміздің тілегіміз – бір, бұл – қоғамымызда жаппай әділетті орнату. Ендеше, мақсатымызға бірге жетейік. Мен жас ұрпақтың жасампаздық қуатына сенемін. Өздеріңіз сияқты саналы ұл-қыздары бар Қазақстан өркениет көшінің басында болары сөзсіз.

Мемлекеттілік тұғырын нығайта түсу үшін заң үстемдігін орнықтыру өте маңызды. Әділетті Қазақстанды құру үшін құқықтық мәдениетті дамыту қажет. Заңсыздық, тәртіпсіздік, мәдениетсіздік елді жарға жығады. Мұндай жағымсыз үрдістерге бүкіл қоғам болып қарсы тұруымыз керек. Ал тәртіпке бағынған қоғам өркениетті болады. Бұл – заңдылық. Әр азамат еліміздің заңын құрметтесе, береке-бірлік те, бақуатты тұрмыс та болады. Яғни, Заң толығымен орындалса, төрт құбыламыз түгел болмақ.

Біз біртіндеп қоғамды өзгерту және демократия қағидаттарын енгізу жолынан айнымаймыз. Әлемде саяси және экономикалық ахуал құбылып тұрған заманда заң және құқық үстемдігін қамтамасыз ету өте маңызды. Мемлекет радикализмнің, экстремизмнің, құқықтық нигилизмнің және тұрмыстық вандализмнің кез келген көрінісіне мүлдем төзбеушілік саясатын ұстанатын болады.

Еліміз өктемдік пен өшпенділікке, қоғамдық тәртіпті аяқ асты етуге, зорлық-зомбылыққа шақыруға, азаматтардың ар-намысын таптайтын әрекеттер жасауға жол бермейді. Заңға қайшы келетін, азаматтардың арасына іріткі салатын және тұрақтылыққа сына қағатын кез келген сөз бен әрекетке қатаң тосқауыл қояды. Бұл талапқа бағынбау мемлекетке де, қоғамға да қарсы шығу деп бағаланады. Мұның бәрін, әсіресе, ел алдында жүрген және халыққа сөзі өтімді азаматтар терең түсінуі керек.

Екі жылға да жетпейтін аз уақытта елімізде іске асырылған

реформалар халықтың саяси сана-сезімін едәуір өзгертті. Енді жұртымыз мемлекетті басқарудың бұрынғы тәсілін қайтаруға жол бермейтініне сенімім мол. Реформалардан кейін өткенге қайта оралмаймыз. Өзгерістер әлі жалғасады және мемлекетіміздің сипатын толық өзгертеді. Бірақ біз реформаны жүзеге асырғанда, ең алдымен, ішкі саяси тұрақтылықтың маңыздылығын естен шығармауымыз керек. Әйтпесе, Қазақстанның мемлекеттілігіне зор қауіп-қатер төнуі және оның салдары ұлт болашағы үшін өте ауыр болуы мүмкін. Сондықтан мен әрбір азамат заң мен тәртіпті сақтауы керек деп үнемі айтып жүрмін. Біз сөзбен де, іспен де қоғамды ортақ мақсатқа жұмылдыруға және жалпыұлттық бірлікті нығайта беруге тиіспіз. Халқымыз азат ел болып, мықты әрі әділетті мемлекет құру туралы арманын береке-бірлігінің арқасында ғасырлар тезінен аман алып шығып, ақиқатқа айналдырды. Бүгінде біздің мемлекеттілігіміз қарқынды дамыған егемен республиканың өркениетті әрі құқықтық сипатына ие болды.

Қастерлі тәуелсіздігімізді қорғап, жан-жақты нығайту – бәріміздің ортақ міндетіміз, қазіргі және болашақ ұрпақ алдындағы перзенттік парызымыз. Біз Республика күнінің мән-маңызын, оның мықты мемлекет және көзі ашық, көкірегі ояу ұлт қалыптастыруға бағытталған ауқымды өзгерістердің символы ретіндегі терең мағынасын жастарға түсіндіруіміз керек.

Республика күні халықтың болашаққа сенімін нығайтатын ерекше мейрам болуы керек. Патриоттық, қайырымдылық және волонтерлік іс-шараларды көптеп ұйымдастырған жөн. Егемендік күні ұлтты ұйыстыратын нағыз елдіктің мейрамына айналуға тиіс. Яғни, осы қастерлі мерекеде Отанға деген шынайы сүйіспеншілікті дәріптеуіміз керек. Бұл – баршамызға ортақ іс. Сондықтан бәріміз бір ел болып атсалысайық!

## Қадірлі қауым!

Тәуелсіз елдің табысын арттыруға азаматтарымыз маңдай терімен үлес қосып жүр. Шын мәнінде, табанды еңбек зор табысқа жеткізеді. Барлық саланы, әсіресе, өндірісті білікті мамандар дамытады. Сондықтан біз бір ел болып қоғамда еңбекқорлықты дәріптейміз. Адал еңбек пен жауапкершілік жаңа қоғамдық этикалық өзегі болуы керек. «Еңбегіне қарай – құрметі» деген.

Еңбегімен дараланып, көпшіліктің құрметіне ие болған азаматтың бірі – көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Бақтықожа Ізмұхамбетов. Ол мұнай-газ саласында, өндірісте және мемлекеттік қызметте ұзақ жыл бойы табысты жұмыс істеді. Оның өмір жолы өскелең ұрпаққа өнеге болары сөзсіз. Бүгін мен елімізге орасан зор еңбек сіңірген қайраткер Бақтықожа Салахатдинұлына «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын беру туралы шешім қабылдадым.

Басқа да салада, соның ішінде ауыл шаруашылығында өнімді еңбек етіп жүрген азаматтар аз емес. Осындай нағыз еңбек адамының бірі – Сыр елінің азаматы Имамзада Шағыртаев. Оның ауылы да, шаруасы да көпшілікке үлгі болып отыр. Табысқа жеткен әрбір жан өз ауылына дәл осылай қамқор болса, нұр үстіне нұр болар еді. Аймақты дамытуға орасан зор үлес қосқан Имамзада Қуанышбайұлы бүгін «Қазақстанның Еңбек Ері» атағына ие болды.

Мен еңбек адамына ерекше құрмет көрсетілуі керек деп ұдайы айтып жүрмін. Биыл Жолдауымды жариялаған кезде Парламентке еңбек адамдарын арнайы шақырдым. Олардың қатарында ұстаздар да болды. Қазір – білімнің дәуірі. Білімі озық жұрт даму көшінің алдына шығады. Бұл заманда білімпаздық ең басты қасиеттің біріне айналуға тиіс. Сондықтан білім саласын дамытуға баса мән береміз.

Мұғалімнің мәртебесін көтеріп, жағдайын жақсарту өте маңызды. Астанада өткен Ұстаздар съезінде бұл мәселеге арнайы тоқталдым. Өйткені ұстаздар қауымы ұлттың жаңа сапасын қалыптастырады. Мұғалім болып, ұрпақ тәрбиелеу – қасиетті миссия. Елімізде мыңдаған адам осы міндетін адал атқарып жүр. Олар күнделікті еңбегімен Қазақстанды дамытуға зор үлес қосуда. Сол себепті мұғалімдердің қоғамдағы орны ерекше болуға тиіс. Ұстазға барлық жерде құрмет көрсетілуі керек.

Бірнеше жыл бұрын мені тапсырмаммен «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атағы белгіленді. Жақында бір топ педагогті өзім арнайы марапаттадым. Осы игі үрдіс бүгін де жалғасын таппақ. Семей қаласындағы №7 мектеп-лицейдің математика пәні мұғалімі Алма Шүкежанова елу жыл бойы ұрпаққа білім мен тәрбиені қатар беріп келеді. Бүгін Алма Сайдахметқызын «Қазақстанның Еңбек Ері» атағымен марапаттау туралы шешім қабылдадым. Сондай-ақ бүгін басқа да бірқатар мұғалім жоғары мемлекеттік марапатқа ие болды. Осы арқылы мен барша ұстаздар қауымына ерекше ілтипатымды білдіремін.

Ұлттың руханиятын дамытып, рухын көтеруге қаламгерлеріміз ерекше ықпал етеді. Бұған дейін «Қазақстанның Халық жазушысы» атағын қайтару туралы бастама көтерілді. Мен Түркістанда өткен Ұлттық Құрылтайдың отырысында осы ұсынысқа қолдау білдірдім.

Құрметті атақ ширек ғасырдан соң жазушыларымызға қайта беріле бастады. Төл әдебиетімізді дамытуға зор үлес қосқан бір топ көрнекті қаламгер бүгін «Қазақстанның Халық жазушысы» атанды.

Менің тапсырмаммен «Қазақстанның Халық әртісі» атағы да қайтарылды. Бұл атақ бұрынғыдай театр, кино, музыка және тағы басқа өнер саласының елімізге танымал тарландарына беріледі.

Мен көктемде өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясында ел бірлігі және қоғамдық келісімді нығайтуға көп жылғы қажырлы еңбегімен үлес қосқан азаматтарды арнаулы орденмен марапаттау туралы тапсырма бердім. Тиісті заңдарға өзгерістер енгізілген соң, «Ел бірлігі» ордені бекітілді. Наградалар қатарынан лайықты орын алған бұл марапат бүгін алғаш рет тапсырылады.

Мемлекет еліміздің ғылым саласын дамытуға, ғалымдарымыздың жетістіктері мен еңбегін бағалауға айрықша мән береді.

Биыл әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік сыйлық Қазақстанның Ұлттық ядролық орталығының ғалымдар ұжымына берілді. Орталық атом-энергетикасы саласында теңдессіз зерттеулер жүргізіп, әлемдік деңгейдегі озық әзірлемелер жасады.

Қауіп-қатерден қаймықпай, өзгенің өмірін құтқару - нағыз ерлік. Мұндай адамдар шынайы құрметке лайық. Бүгін осындай бірнеше азаматты марапаттаймын. Жалпы, еліміздің дамуына әр аймақтың тұрғындары, әр саланың мамандары зор үлес қосып жүр. Біз оларға әрдайым құрмет көрсетеміз.

Мемлекеттік марапатты, ең алдымен, халықтың алғысы деп түсінген жөн. Шын мәнінде, туған елдің ықыласынан артық ештеңе жоқ.

Ендеше, жұрттың ризашылығын алып, табысты еңбек ете беріңіздер!

Қастерлі Отанымыз өркендей берсін!  
Республика күні құтты болсын!



# ҚР ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ Н.ӘБДИРОВ МАҚТААРАЛҒА КЕЛДІ

(Соңы. Басы 1-бетте).

ҚР ОСК төрағасы іс-сапары барысында аудандық кітапханада жастармен кездесті. Ол жастарымызға елімізге деген сүйіспеншілікті арттыру керектігін, қоғамдық өмірден тыс қалмау, яғни "Сөзіңмен мазалама, ісіңмен көрсет" деген қағиданы ұстану қажеттілігін атап өтті. Сондай-ақ, аудан жастарын алдағы саяси науқанға белсене қатысуға шақырды.

Іс-сапарының соңында Нұрлан Мәжитұлы 2023 жылдың 5 қарашасына тағайындалған Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы әкімінің сайлауын пилоттық режимде өткізу мәселелері бойынша кең көлемде ашық кеңес өткізіп, ауданымыздың сайлауға дайындығын қорытындылады.

Жиын барысында сайлау учаскелерінің материалдық-техникалық базасы, құрал жабдықтармен қамтамасыз етілуі, сайлаушылар тізімдерімен жұмыстың жүргізілуі жөнінде аудан әкімінің орынбасары Бейсенбай Төребеков, сайлауды өткізу барысында заңдылықтарды қамтамасыз ету мәселелері бойынша аудан прокуроры,аға әділет кеңесшісі Айтболат Досаев, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мәселелері бойынша аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция майоры Есімжан Надилов, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету мәселесі бойынша аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Нұрғали Елшібаевтар сөз сөйледі.

Жиынға ҚР ОСК хатшысы Ерман Мұхтар және комиссияның жауапты мамандары қатысты. Айта кетейік, Мақтаарал ауданында 62 сайлау учаскесі, 1 аудандық аумақтық сайлау комиссиясы бар. Оларда жалпы 409 сайлау комиссиясының мүшелері жұмыс істейді. Аудан бойынша 70 648 сайлау құқығына ие азаматтарымыз бар. Барлық сайлау учаскелері интернет, байланыс телефоны, бақылау камераларымен, қосымша электр көздерімен және арнайы басқа да құрал жабдықтармен толық қамтылған.

Мүгедектігі бар азаматтарға жағдай жасау үшін 61 сайлау учаскелері арнайы кабиналармен, тактильдік көрсеткіштермен, тактильді жолақтармен, арнайы бұрыштармен, мониторлы компьютермен, құлақаспаптармен, ұлғайтқыштармен, тұтқалармен және пандустармен толық жабдықталған. Сонымен бірге, сурдо-тифло аудармашы 9, тасымалдау қызметімен 3 инватакси, 4 әлеуметтік таксилерімен сайлау учаскелері қамтамасыз етілетін болады.

**Мақтаарал ауданы әкімінің  
баспасөз қызметі.**

# Мақтаарал ауданы әкімінің «Аманат» партиясынан ұсынылған үміткер Бақыт Насырханұлы Асанов жергілікті тұрғындармен кездесіп, сайлауалды бағдарламасын таныстырды

## ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫН АЛАДЫ

Мақтаарал ауданының әкімі лауазымына «АМАНАТ» партиясынан ұсынылған үміткер Бақыт Асанов кезекті кездесуін Иіржар ауылдық округінің Наурыз елді мекенінің тұрғындарымен өткізді. Кездесу барысында кандидат өзінің сайлауалды бағдарламасымен таныстырып, соңғы 5 жылда ауданда бағындырылған белестерге тоқталды.

«Жүйелі жоспардың жоғары нәтижесі де аз емес, оны мойындаған жөн. Және де мұны айтып отыру керек. Себебі, ертеңіміз бұдан да жарқын, айқын және келбетті де көрікті болу үшін бұның бәрін үнемі есте тұтқан абзал. Салыстырып, салмақтап, таразылап байқау, бағамдау үшін қажет» дейді үміткер.

Еркін форматта өткен сұхбат кезінде ауыл тұрғындары жас отбасылар мен көпбалалы, аз қамтамасыз етілген жанұяларды баспанамен, тұрғындарды сапалы таза ауыз сумен қамтамасыз ету мәселелері жайында сұрады. Үміткер алдағы уақытта елді мекендерде сумен жабдықтау желілерін қайта жаңартып, тозығы жеткен ауыз су ұңғымаларын қайта қазуға, құбырларын жаңартуға ықпал ете отырып 2027 жылға қарай аудан тұрғындарын сапалы ауыз сумен 100% қамтамасыз етуді жоспарлап отыр. Сонымен қатар, ауданда мемлекеттік бағдарламалар аясында көпбалалы және аз қамтамасыз етілген отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз етуді де қарқынды жүргізбек. Осы және өзге де бірқатар жоспарларымен бөліскен Бақыт Насырханұлы иіржарлықтарды алдағы сайлауға белсенді қатысуға шақырды.

## ЖАС МАМАНДАРҒА ҚОЛДАУ ЖАСАЛАДЫ



Мақтаарал ауданының әкімі лауазымына «АМАНАТ» партиясынан ұсынылған үміткер Бақыт Насырханұлы Асанов пен сенімді өкілдері Еңбекші ауылдық округінің Жантақсай елді мекенінде сайлаушылармен кездесті. Ауыл тұрғындары үміткерге жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, жастарды ауылдық жерлерге тарту және орнықтыру, оның әлеуетін дамыту үшін жағдай жасау туралы ұсыныстарын айтып, мәселені шешудің оңтайлы

бірнеше жолдарын ұсынды.

Бақыт Насырханұлы жастарға жан-жақты қолдау көрсетуді күшейтуді мақсат еткен «Жастарға тартымды ауыл» басымдығында 2024 жылы Мақтаарал ауылдық округінің Өркениет елді мекенінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салдыруға, «Алпамыс батыр» орталық стадионын қайта жаңартуға, 2025 жылы Достық ауылдық округінде жабық спорт залын, Ынтымақ елді мекенінде мәдениет үйлері мен кітапханалар, А.Қалыбеков ауылдық округінен балалар алаңын, мәдениет үйі мен жазғы кинотеатр салдыруға, Бірлік ауылдық округінің Алғабас елді мекеніндегі мәдениет үйін күрделі жөндеуден өткізуге, 2026 жылы Дихан және Достық елді мекендерінде мәдениет үйлерін күрделі жөндеуден өткізіп, Т.Жайлыбаев, Қ.Пернебаев және Иіржар, 2027 жылы Кеңесші, Үлгілі, Ынталы ауылдарынан жабық спорт залдарын салдыруға ықпал ететінін айтқан.

Одан бөлек, «Жасыл ел» бағдарламасымен жазғы кезеңде жастардың жұмысқа орналасуын жыл сайын 90-нан 110-ға дейін ұлғайтып, «NEET» санатындағы жастардың санын азайтуды, «Алғашқы жұмыс орны» жобасы аясында белсенді жұмыс істеп, жұмыспен қамтылғандар санын 90-нан 285 адамға дейін арттыруды да жұмыс жоспарына енгізген кандидат тұрғындарды 5 қараша күні болатын сайлауға белсене қатысуға шақырды.

## «ЕСІКТЕН-ЕСІККЕ» АКЦИЯСЫ ӨТТІ

Бақыт Насырханұлы Асанов сайлауалды үгіт-насихат насихат жұмыстары барысында Жаңа жол ауылдық округіне қарасты Фердауси елді мекенінің тұрғыны, еңбек ардагері Рахматулла Хакираевтың шаңырағында «ЕСІКТЕН-ЕСІККЕ» акциясын өткізді.

Бүгінде ел арасында абыройы артып, талай-талай отбасыға үлгі бола білген Рахматулла ақсақал елдегі болып жатқан оң өзгерістер мен жасалып жатқан жұмыстарға, жүргізіліп жатқан саяси ұстанымдарға оң бағасын берді. Көзқарасы да дұрыс.

«Өйткені, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағыдай жоқшылық пен кедейшілік елде жоқ. Саяси ахуал тұрақты, ұлтаралық татулық мығым. Ертеңгі күнге үреймен емес үмітпен, жақсы жоспарлармен қараймыз. Перзенттеріміз бен немерелеріміздің болашағының жарқын боларына сенімдіміз» деді. Десе де, ұл-қыздарын жайғастырған ақсақал немерелерінің замануи мектептерде оқып, мұғалімдердің жағдайының жақсарғанын қалайтынын да жасырмады.

Ақсақал көтерген мәселелерге байланысты 2024 жылы Атакент кентінде 1500 орындық, А.Қалыбеков ауылдық округінің Үлгілі елді мекенінде 600 орындық, Жамбыл ауылдық округінің Абай елді мекенінде 900 орындық, Ж.Нұрлыбаев ауылдық округінің Ынталы елді мекенінде 300 орындық, 2025 жылы Атакент кентінде 900 орындық, Достық ауылдық округінің Хайдар елді мекенінде 200 орындық мектептер бой көтерсе, 2026 жылы А.Қалыбеков ауылдық округінің Төрткөл елді мекенінде Б.Соқпақбаев атындағы 200 орындық, Иіржар ауылдық округінің Мақтажан елді мекеніндегі «Мақтажан» мектебіне 200 орындық жаңа ғимараттардың құрылысы жүргізіледі. Одан бөлек, барлық мектептер заманауи химия, биология және физика кабинеттерімен жабдықтылып, 2027 жылға дейін 5 оқушыға 1 компьютер есебімен 300 компьютер сатып алынатын және алдағы 4 жылда 5 жайлы мектеп салынатыны айтылды.

Мақтаарал ауданының әкіміне ұсынылған үміткер Бақыт Асанов кезекті кездесуін Жаңа жол ауылдық округінің Фердауси елді мекенінде жергілікті тұрғындармен өткізді.

## 17 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Өзінің сайлауға түсу себебін түсіндіріп, алдағы мақсаттары мен жоспарларын айтты. Сайлауалды бағдарламасын таныстырып, ұсыныстарды тыңдады. Сұрақтарына жауап берді. Ауданда атқарылып жатқан жұмыстарға да тоқталды.

Биылғы жылдың 8 айында өнеркәсіп өнімінің көлемі өткен жылдың тиісті мерзімімен салыстырғанда 2,3 есеге артып, 15 млрд. теңгеге жетсе, өңдеу өнеркәсібінің өнім көлемі 12,9 млрд. теңгені құраған. Бұл 2022 жылдың тиісті мерзімімен салыстырғанда 2,5 есеге артық.

Ауданның жеткен жетістіктерін еселеу мақсатында 2023-2025 жылдары мақта өңдеу зауыттары мен ұн шығару фабрикаларының, текстиль фабрикалары мен ірілі-ұсақты мал бордақылау алаңдарының, тойхана мен түрлі сауда орындарының ашылуына ықпал етуді бағдарламасына енгізген үміткер соңғы 5 жылда шағын және орта бизнес субъектілері санының 80 пайызға өсіп, өндірген өнімдерінің көлемі 39 млрд теңгеге, аудан бюджетінің өзіндік кірістері 1,2 млрд. теңгеден 3,4 млрд. теңгеге дейін жеткенін алға тартты. Сонымен қатар, ауданда негізгі капиталға бағытталған инвестиция көлемі былтыр 12,6 млрд. теңге болса, биылғы жылдың 8 айының қорытындысымен 18,2 млрд теңге инвестиция тартылған. 2023-2025 жылдары 47 млрд. теңгені құрайтын 17 инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Кездесу соңында кандидаттың сайлауалды бағдарламасына жоғары бағасын берген тұрғындар 5 қараша күні қолдайтындықтарын жеткізді.

## ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ БАСТЫ НАЗАРДА

Бүгінгі көз ілеспес жылдамдықпен дамып отырған технологиялар заманында ғаламторға деген тәуелділік пен идеологиялық айқас дәуірінде ұрпақ тәрбиесіне қатысты түйіні тарқатылмай отырған мәселелер де жоқ емес. Солардың бірі – оң мен солын, жақсы мен жаманды толық ажыратып үлгермеген жастар арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылық өрекет.

Ж.Нұрлыбаев ауылдық округінің Мырзатөбе елді мекенінде Мақтаарал ауданының әкімі лауазымына «АМАНАТ» партиясынан ұсынылған үміткер Бақыт Асановпен өткен кездесуде өскелең ұрпақтың тәрбиесіне қатысты өзге де мәселелер жөнінде сөз қозғалды. Үміткердің сайлауалды бағдарламасы таныстырылды.

«Ұрпақ тәрбиесі – қай заманда болмасын қоғам назарынан тыс қалған емес. Мемлекеттің тұтқасын сенімді қолға тапсырып, болашаққа нық қадам баса алатын бәсекеге қабілетті ұрпақ өсіру, білікті маман дайындау ісі баршаға ортақ міндет екендігі даусыз» деген Бақыт Насырханұлы өз жұмыс жоспарында көмелетке толмағандар тарапынан және оларға қатысты жасалатын қылмыс пен құқықбұзушылықтардың алдын алу, түнгі уақыттарда ата-анасынсыз үй-жайынан тыс жерлерде – компьютерлік ойынханалар мен мейрамханаларда болуларына тыйым салу, отбасындағы зорлық-зомбылыққа, жасөспірімдер арасында аутодиструктивті мінез-құлықтың алдын алу, келеңсіз оқиғаларды болдырмау, көмелет жасқа толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық пен ерте жүктіліктің алдын алу мәселелерін назардан тыс қалдырмайтынын айтты.

Ауылдар мен елді мекендерді көркейту, ауыл шаруашылығын дамыту, кәсіпкерлікті көтеріп, әлеуметтік салаға басымдық беру мәселелерін айтқан ауыл тұрғындарының ұсыныстарын жазып алып, 5 қараша күні өтетін сайлауда жеңіске жеткен жағдайда жауапты сала мамандарымен тиісті жұмыстар жүргізетінін айтты.

## КӨПІР МЕН ЖОЛДАР ЖӨНДЕЛЕДІ

Мақтаарал Ауданының әкімі лауазымына «АМАНАТ» партиясынан ұсынылған үміткер Асанов Бақыт Насырханұлы мен сенімді өкілдері Достық ауылдық округінің Хайдар елді мекенінің тұрғындарымен кездесіп, сайлауалды бағдарламасымен таныстырды. Сайлаушылардың сұрақтарына жауап беріп, ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

Жергілікті тұрғындар тарапынан айтылған өтініштердің басым бөлігі жолдардағы қауіпсіздік пен жайлылыққа байланысты айтылып, көшелерді жөндеу мәселелері бойынша сұрақтар қойылды.

Үміткер «Тәуелсіздік» көпірінің жөндеу жұмыстарын жүргізу, республикалық маңызы бар А-15 автомобиль жолын көңейту, Атакент кентіндегі көптеліс пен елді мекендердегі жолдардың тозуы мәселелерін шешу мақсатында арнайы бағдарлама жасап, бірқатар жұмыстарды жүзеге асыру жоспарының бар екенін, 2024 жылы ауданның елді мекендеріндегі 44 көшенің, 2025 жылы 31 көшенің орташа жөндеуден өтуіне күш салатынын айтты. Сонымен қатар, 2025 жылға дейін Мырзакент кентіндегі көпірге күрделі, ал, Тілеубердин-Яссауи көшелеріне орташа жөндеу жүргізіліп, Мырзакент кентіндегі көпқабатты үйлердің ауаларын абаттандыру жөргізілмек.

Кездесу соңында сайлаушылар үміткер Бақыт Асановқа сәттілік тілеп, 5 қараша күні қолдап дауыс беретіндіктерін жеткізді.

## ҰСЫНЫС-ПІКІРЛЕР ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Мақтаарал ауданы әкіміне үміткер Бақыт Насырханұлы Асанов өзінің кезекті кездесуін сайлауалды штабының жүйелік кестесіне сәйкес Достық ауылдық округінің Достық елді мекенінде өткізді. Кездесу барысында үміткер өзінің сайлауалды бағдарламасымен таныстырып, негізгі басымдықтарына тоқталды. Ауданда 5 жылда атқарылған жұмыстардың барысы айтылып, алдағы істерлер істердің жоспарлары таныстырылды.

Үміткермен өткен жүздесу барысында сайлаушылар елді мекендердегі ауыз су құбырларының жаңартылуын, ішкі жолдардың асфальттануын, интернет жылдамдығының төмен екендігін айтып, жұмыс жоспарына енгізуді өтінді. Аталмыш мәселелер бойынша сайлауалды бағдарламасында қамтылғанын жеткізген кандидат 5 қараша күні болатын сайлауға белсенді қатысып, дауыс беруге шақырды. Сонымен қатар, сайлауалды бағдарламасына алдағы 4 жылда ағын суды тиімді пайдалану үшін тамшылатып суару әдісін енгізу, АӨК бойынша 490 гектарға дейін ылғал үнемдейтін технологияны ұлғайту, 5 жыл ішінде ауыспалы егіс көлемін 13,7 мың гектардан 15 мың гектарға дейін арттыруға басымдық беріп, азаматтардың жеке инвестициялары есебінен сүт-тауар фермаларын, мал бордақылау алаңдары мен жылыжай шаруашылықтарын, сондай-ақ, тоқыма фабрикаларын, темірбетон және асфальт зауыттарын салдыру, «Ауыл аманаты» жобасы аясында жыл сайын 240 кәсіпкерге жеңілдетілген несие беруге ықпал ететінін айтқан үміткер азаматтардың әлеуметтік тұрмыстық жағдайын жақсарту бойынша тиянақты жұмыстар жүргізілетінін айтты. Ауданның ауыл шаруашылығы саласындағы жалпы өнім көлемі 2 есеге ұлғайып, қосымша 200-ден астам жаңа жұмыс орындары ашылады деді.

Б.НАЙМАНОВ.

● РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ ОРАЙ

# ЖЕТІСАЙДА МАҚТААРАЛДЫҢ МӘДЕНИ КҮНДЕРІ ӨТТІ

Түркістан облыстық мәдениет және туризм басқармасының ұйымдастыруымен қала, ауданаралық мәдениет күндері аясында Жетісай ауданының орталығы Жетісай қаласында Мақтаарал ауданының мәдени күндері өтті.

Мәдени күндер аясында "Мақтаарал" мәдениет үйінің жанынан құралған "Балдәурен" қуыршақ театры Жетісай қаласының "Нұр-жібек" бөбекжай-балабақшасында ертегілерден қойылымдар қойып, бүлдіршіндерге қуаныш сыйлады. Сонымен қатар, Жетісай қаласының орталық алаңында және аудандық мәдениет үйінде қолөнер бұйымдарының көрмесі, кітап көрмесі, ұлттық салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа байланысты түрлі іс-шаралар өткізілді.

Мәдени күндер аудандық мәдениет үйі залында Мақтаарал аудандық әжелер алқасының төрайымы Ш.Құрбанбаеваның



алғашқы "Өмірім-өнеге" атты кітабының тұсау кесерімен жалғасын тапты. Жетісай қаласының орталық алаңында гала-концерт қойылды. Гала-концертке аудан әкімінің орынбасары Алтын Ешанқұлова қатысып, жетісайлықтарды мерекемен құттықтады. 1997-2018 жылдар аралығында Мақтаарал ауданының орталығы ретінде дамыған Жетісай қаласы қашанда ән-жырдың, өнердің орталығы болып қала беретінін атап өтті. Сонымен қатар, қазіргі таңда қос аудан Мырзашөлдің қос қанатындай бірге дамып жатқанын тілге тиек етті.

Айта кетейік, гала-концертте "Ақ алтын" ұлт аспаптар ансамблі, "Мерей" вокалды аспаптар ансамблі және мақтааралдық өнерпаздар жетісайлықтарға мерекелік көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Д.АЯЗБЕКОВ.

● СЕМИНАР-КЕҢЕС

## ЖАҢА СОРТТЫ ЕГУГЕ КЕҢЕС БЕРДІ

Мақтаарал ауданына қарасты А.Қалыбеков ауылдық округінде орналасқан «Али» шаруа қожалығының егістік алқабында Түркия мемлекетінен әкелінген тұқымдық шиттердің өнімділігін таныстыру мақсатында «Берекелі қырман» атты ауданаралық семинар-кеңес өтті.

Семинарға Түркістан облыстық мәслихатының төрағасы Нұралы Әбішев пен Жетісай ауданының әкімі Серік Мамытов, аудандық мәслихат төрағасы Медеет Қасымов, Жетісай, Мақтаарал аудандарының мақта өңдеу зауыттарының басшылары мен мақта дақылын өсіруші агроқұрылым басшылары қатысты. «Мақталы Агро» ЖШС тарапынан жыл басында Түркия мемлекетінің мақта тұқымын дайындаушы «ProGen Tohum» компаниясының жоғары өнім беретін және тұздылығы жоғары егістік жерлерге төзімді (мақта сорттары ВА1010, Лазер, Эдесса, Каризма, Лима) тұқымдық шиттерін алып келіп, мақта дақылын өсіруші шаруаларға ұсынылған болатын. «Али» шаруа қожалығы басшысы Талғат Әшімов өзінің 40 гектар егістік алқабына түріктің ВА1010 мақта сортын егіп, бүгінгі таңда егістіктің гектарынан 38-40 центнерден өнім алып жатқандығын айтып, шаруаларға келер жылы осы сортты егуге кеңес берді.

Нұралы Әбішев қазіргі таңда облыс аумағында мақта дақылының бірнеше сорттарының бақылаусыз егілуінің салдарынан мақта өнімділігінің өсуіне кері әсер етіп жатқанын айтты.

– Осыған орай сіздер мақта дақылының сапалы өнім беретін тұқымдық шиттерін таңдап, бізге ұсыныңыздар, біз сол тұқымдық шиттерді мемлекет тарапынан қаржыландыруға ықпал жасайтын боламыз, – деді облыстық мәслихаттың төрағасы.

«Мақталы Агро» ЖШС мақта өңдеу зауытының басшысы Сержан Тастанбеков бүгінгі таңда Түркия мемлекетінен келген осы тұқымдық шиттерді сатып алған шаруалардың өнімін қайта өздеріне өткізген жағдайда нарықтық бағадан 20-25 теңге қымбатына сатып алатынын айтты. Сонымен қатар, семинар-кеңесте сала мамандары тарапынан отандық және шетелдік тұқымдарға мемлекет тарапынан түрлі қолдаулардың қарастырылғандығын түсіндірді.

Жиын соңында шаруалар тарапынан түрлі сұрақтар қойылып, нақты жауаптар берілді.

“МАҚТААРАЛ”-ақпарат.

● "Ақ алтын" – 2023

# ҚЫРМАН ТАУЛАР БИКТЕП БАРАДЫ

Біз түске қарай Жаңа жол ауылдық округінде орналасқан "Мырзакент" мақта тазарту зауытына қарасты "Фирдауси" өнім қабылдау пунктіне келгенімізде мұнда да қауырт жұмыстың үстінен түстік. Тележкілерге үйеме төбе етіп мақтасын тиеген шаруалар кезекпен өнімін өткізіп жатыр екен. Жаңа жол ауылдық округі, "Өреғас" ауылынан келген "Сәттіқұл" шаруа қожалығының төрағасы Бердімұрат Шоғаев бүгін 50 гектар алқапта алғашқы терімді сәтті аяқтап, қырманға 150 тонна "ақ алтын" өткізгенін айтты. "Жыл сайын мақтамды осында өткіземін. Мұнда таразысы дұрыс, ылғал өлшемін де көзбе-көз анықтап береді, алдап-арбау жоқ. Оның үстіне бұл жер менің мақталығымға өте жақын, біз үшін өте тиімді,"-деді Бердімұрат. Әріптесінің сөзін қоштаған Сапарқажы Абдулов: "Қазірге дейін 30 гектар алқаптан 100 тонна ақ ұлпа жинадық. Әлі алда екінші терім бар. Мен де бар мақтамды осында өткіздім. Биыл мақта өнімі берекелі болып тұр",- деді.

Аталмыш мақта қабылдау пунктінің меңгерушісі Хазрат Хайдаров қазірге дейін қырманға 600 тоннаға жуық "ақ алтын" жинап, өнімді кідіріссіз қабылдап жатқандарын айтты. Биылғы межелері 700 тонна мақта жинау.

– Қазір қол терім жоқ есебі. Өнімнің 90 пайызы комбайнмен терілгендіктен мақта таза, ылғалы аз, құрғақ, жапырақ, қауашағы кем. Таразымыз арнайы тексеруден өткен, шаруалар риза,-деді бізбен әңгімесінде тәжірибелі, білікті маман Хазрат Хайдаров. 1981 жылдан "Мырзакент" мақта тазарту зауытында инженер-технолог болып еңбек жолын бастаған

Күздің күні күреңтіп, аспанды қою бұлттар тұмшалап алған. Солтүстіктен соққан салқын жел денеңді түршіктіреді. Құбылмалы ауарайына сенім жоқ, кеше ғана жарқырап тұрған күн қабағы бүгін ашылар емес. Әрбір ашық күнді тиімді пайдаланып, ақ ұлпаны жауын-шашынға қалдырмай ертерек жинап алуға ұмтылған диқан қауымы қарбаласып күні-түні мақталық алқапта жүр.



Хазрет осы кәсіпорынның негізін қалаған мақта саласының ардагері, марқұм Салдар Жамаловтың шәкірті, избасары десек те болады. Қазірге дейін 6 мақта қабылдау пунктін басқарды. Жұмысына өте тиянақты, шаруалардың талап-тілегіне сай үлгілі жұмыс істеп, абыройға кенелген Хазрет Хайдаров соңғы алты жылдан бері



аталмыш пунктті басқарып келеді.

Тележгіден ақтарылған ақ ұлпаны "Пыл" аппараты арқылы қабылдап, транспортер арқылы жоғарыға шығарып жатқан маман Сабир Мирзошарипов өз ісін өте ұқыпты атқарады. Ал "қырман тауларын" биіктетіп жинап, бунт жасаудың шебері Муллахалим Нояповтың да еңбегі ерен. Оның бунтқа жинаған мақтасы құламайды. Бунттың бұрыштары түзу, нығыздалып жиналған. Бунттың астынан ауа өткізетін туннель жасалған. Электр тогымен жұмыс істейтін техникалардың кідіріссіз істеуіне 15 жылдық еңбек өтілі бар электрик Төрехан Есенбаевтың үлесі мол. Мақтаның сапасын тексеріп, бақылауға лаборатория меңгерушісі Махистон Аширова жауапты. Оның еңбек өтілі 17 жыл. Жиналған мақтаны қабылдап, мақта тазарту зауытына жіберуді товаровед Хаким Хидиров мінсіз атқарады. Бунтқа жиналған өнімді күні-түні күзететін Абдубасит Султановтың да еңбегі ерекше. Мұнда бунттағы мақтаны зауытқа тасымалдау жұмысы да тиянақты атқарылуда. Мақта пунктінде жұмысшылар демалатын бөлме, асхана бар.

Біз жауапты науқанда құлшына еңбек етіп жатқан мақташылармен "Қырымдарыңыз берекелі болсын!" деп қоштастық. "Ақ алтын" таулары күн санап биіктеп барады...

Сәбит ҚАЛДЫБАЕВ.

■ Озат тәжірибе, назар аударыңыз!

# ТҮРІКТІҢ ЭЛИТАЛЫҚ ТҰҚЫМЫН ЕГІП, мақтадан мол өнім алып отыр

Қазір Түркістан облысында мақта теру науқаны қызу жүріп жатыр. Осыған орай БАҚ өкілдері «Қазагроқаржы» АҚ ұйымдастырған баспасөз турымен Ордабасы ауданы Төрткөл ауылындағы «Рамазан-Агро» ЖШС-ның егістік алқабында болып, мақта өңдеу зауытының жұмысымен танысып қайтты. Бұл ауылдан 2022 жылы мақта бағасы – 370 мың теңге болды. Бұл түріктің элиталық сұрпының құны. Ал жергілікті тұқымнан шыққан мақта 230-250 мың теңгеден бағаланды.

Серіктестік иелігіндегі 723 гектар жерге мақта өсіреді. Оны өңдеп шетелге экспорттайды. Сонымен бірге шағын шаруа қожалықтарына мақта егуге, терісіп жинасуға көмектеседі. Биыл Ордабасы ауданында 4 мың гектарға мақта шитін себуге жәрдем берді. Осылайша, өңірдегі мақта өндіруші ірі шаруашылықтардың бестігіне кіріп отыр. Компания «ақ алтынды» үш түрлі тәсілмен өндіреді. Біріншіден, өзі егеді, екіншіден, фьючерлік келісімшарт арқылы шаруа қожалықтары өнімді осы компанияға өткізеді, үшіншіден, нарық бағасымен шаруалардан тікелей сатып алады. Былтыр 20 мың тонна шитті мақта өндірсе, биыл 25 мың тоннаға жеткізуді жоспарлап отыр.

Өткен жылы серіктестік 43 центнерден өнім алған. Биыл да соған шамалас болады деп отыр. Мақта шығымының жақсы болуына түріктің «PROGEN TONUM» компаниясының элиталық тұқымы әсер еткен. Түркияның асыл тұқымды мақта шиті 70 центнерге дейін өнім бере алады. ЖШС директоры Мейірхан Батырбектің айтуынша мақта теріміне «Қазагроқаржы» АҚ-дан алған 15 «John Deere» комбайны сақадай-сай дайын тұр. Біраз алқапқа комбайндар түсіп үлгерді.

Мақта – шығыны көп дақыл. Бірақ элиталық тұқым есебінен компания табысқа кенеліп жатыр. «Рамазан-Агро» ЖШС 2009 жылы құрылса, 2014 жылы жаңа комбайндар сатып алды. Мұның алдында шаруашылық жергілікті тұқымды өккен. Бірақ оның өнімділігі 20-25 центнерден аспайтын. Бұрынғы сұрыптың талшық сапасы төмен болатын. Ол 5-ші типтіге жататын. Түріктің элиталық тұқымы – 3-4-типті. Өнімділігі де жоғары. Шаруашылық «эдесса» сұрпын да егіп көрген. Жергілікті климатқа төзімділігін байқап, сынақтан өткізген. Енді «лима» деген сұрпын тексеріп жатыр. Егер сапасы дұрыс болса, оны да алдырады. Серіктестік «Қазагроқаржыдан» 2,5 млрд теңгеге «John Deere» комбайндарын сатып алған. Қарыздың негізгі бөлігін құтылған. Мемлекет жаңа техникаға, тыңайтқыштарға, химикаттарға субсидия беріп жатыр. Жеңілдетілген бағамен дизель отынын алып отыр.

Түріктің элиталық тұқымының бағасы қымбат. Оған көп шаруаның шамасы келе бермейді сатып алайын десе. Сол себепті серіктестік директоры 40 пайызы мемлекет тарапынан субсидияланғанын қалайды. Биыл шаруашылық 88 тонна элиталық тұқым сатып алған. Оның барлығын өзі пайдаланбады. Төмен бағамен 350-дей шағын шаруашылыққа сатты. Тыңайтқыш, техникамен жәрдем береді. Мақтаны терісуге дейін көмектеседі. Өздері шығын шексе де арзан бағамен шағын шаруашылықтарды элиталық тұқыммен қамтамасыз етіп отыр. Мұның себебі талшық сапасы төмен жергілікті мақта шетелге өтпей жатыр. Асыл тұқымды мақта сұрпынан серіктестік 60 центнерге дейін өнім алған. Су тапшылығына байланысты кейбір алқаптарда өнімділік төмендеген. Соның өзінде жергілікті тұқыммен салыстырғанда шығымы жақсы. Сынақ алаңдарында басқа сұрыптарды да тексеріп жатыр. Түріктің элиталық тұқымдары жергілікті климатқа сай келе бермейді. Писетін уақыты – ұзақ. 120-130 күнде мақта пісіп үлгермесе, әрі қарай шаруалар теріп те үлгере алмайды. Ал түріктің элиталық тұқымдары 160-170 күнде пісіп жетіледі. Соған қарамай ерте пісетін түрлерін сатып әкеліп, жергілікті табиғатқа бейімдеп өсіріп жатыр.

Жиналған өнім серіктестікке қарасты «Нұр-Агро 73» зауытында өңделеді. Ол жерде мақта шитінен ажыратылып, талшық, лент, ұлық алынады. Талшық экспортқа жұмсалса, лент медицина өндірісінде, ұлық көрпе-төсек тігуге қолданылады. Шитті тұқымдыққа пайдаланады, әрі одан май сығады. Серіктестік шитті «Доня» сауда белгісімен мақта майын шығаратын «Шымкентмай» АҚ-ға өткізеді. Талшық, лент, ұлықты «Cotton CZ s.r.o» трейдерлік компаниясы арқылы Латвия, Молдова, Ресей, Беларусь, Түркияға экспортталады. Былтыр мақта бағасы тоннасына 370 мың теңге болды. Бұл – түріктің элиталық сұрпының құны. Жергілікті тұқымнан шыққан мақта 230-250 теңгеден сатылды. Биыл мақта бағасы өлі нақтыланбады. Оның қанша болатыны әлемдік нарыққа, Ливерпуль биржасындағы котировкаға байланысты. Дегенмен осы жылы ақ ұлпаның құны төмен болады деген болжам бар. Серіктестік директорының айтуынша 250 теңге бағамен табысқа шығу қиын. Мақтадан пайда түсу үшін кемі 30 центнерден өнім алу керек. 20 центнер жәй шығынға кетіп қалады. Жергілікті мақта тұқымы аз өнім беретіндіктен, шаруалар да көп табысқа кенеле алмай жүр. Серіктестік элиталық тұқыммен мақта өсіретіндіктен трейдерлік компания алдын-ала келісім-шарт жасасып қойған. Сол үшін баға қанша құбылса да әсер етпейді. Әрі трейдерлік компания серіктестікке алғы төлем есебінде ақша аударып отырады. Осы қаражаттың көмегімен «Рамазан-Агро»



шағын шаруашылықтармен фьючерлік келісімшарт түзеді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу керектігін тапсырды. Осы күнде базарда сатылатын киім-кешек, маталардың бәрі дерлік шетелдік өнімдер. Отандық шикізатпен тоқыма өнеркәсібін аяққа тұрғызуға болады ғой.

«Біз мақта талшығын жергілікті нарыққа қуана-қуана өткізер едік. Алатын жер жоқ. Бірлі-жарым фабрика өздерінің шикізатын пайдаланады. Енді өзіміз мақта, жіп иіру фабрикасын салуды ойластырып жатырмыз. Бірақ идеямызды іске асыруға қаражат қолбайлау болып тұр», деді серіктестік басшысы.

Кәсіпкердің пікірінше қосымша фабрикалар болса, өнім өндірушілер оларды қажетті шикізатпен толық қамтамасыз ете алады. Тек мақта элиталық тұқыммен өсірілуі керек. Жергілікті сұрыптан алынған мақта талшығы мата тоқуға, жіп шығаруға жармайды. Отандық өнімділігі жоғары мақта сұрыптарының осы күнге дейін болмауына қаражат жағы кінәлі. Қаржылық проблема ғылыми-зерттеу институтының жұмысын әлсіретті, қадірлік талшылыққа өкеліп соқтырды. Тұқым шаруашылықтары жабылды. Солардың бәрін қайтадан қалпына келтіру үшін мемлекеттен қаржылай көмек керек. Кәсіпкердің ойынша ғылыми-зерттеу институтын қайта жандандырып, тұқым шаруашылықтарын көбейтсе, отандық элиталық тұқым алуға үлкен мүмкіндіктер ашылады. Мемлекет басшысы Жолдауда ғылымды ауыл шаруашылығына бұру керектігін баса айтты. Үкімет осыған орай нақты қадамдар жасаса, тұқым шаруашылығы да дами түседі деген үмітін жасырмады шаруа. Түркістан облысына кемі 5-6 тұқым өндіретін шаруашылық қажет. Өңірдің нағыз мақталы аудандарында бұл мәселе қолға алына бастапты. Бірақ өндірілген элиталық тұқым сұраныстың бар-жоғы 20-30 пайызын ғана жаба алады.

«Бір жылдары егістікті әртараптандыру бағдарламасымен мақтаның орнына шаруалар бақша дақылдарын екті. Шығыны көп, суаруы да қиын деген мәселе негізгі себеп болды. Биылғы Жолдауда да Президент суды көп қажет ететін егін түрлерін басқаларымен ауыстыруды тапсырды. Алайда өнімдердің ішінде мақта суды ең аз керек ететін дақылға жатады. Жоғарыда отырғандар есептегенде егістіктің көлемін есепке алады. Облыста негізінен мақта егілетін болған соң әрине судың да мөлшері көп болып шығады. Егер нақты гектарға шақсақ мақтаның шын мәнінде суды аз тұтынатынын көре аламыз. Мақталық жаз бойы екі-ақ рет суарылады. Кейде бір-ақ мәрте су береміз. Ал жүгері алқабын 3-4 рет суармаса өнім бермейді. Жоңышқа да мақтадан екі есе артық су ішеді. «Ақ алтын» шөлде өсетін дақыл түріне кіреді. Одан басқа өсімдіктер екі есе суды көп қажет етеді. Судың бәрі мақтаға кетіп жатыр деген түсініктің қате екенін мен өзім жиналыс сайын айтып отырамын. Мақта – стратегиялық өнім. Одан тек мата-жіп шықпайды, оқ-дәрі де өндіріледі. Тоқыма өнеркәсібін қолға аламыз деп жатырмыз, шикізат болмаса бұл тірлік қалай жүзеге асады? Сол себепті мақта шаруашылығын мемлекет барынша қолдау керек», деді кәсіпкер.

Оның үстіне халық та мақта егіп үйренген. Өбден сол кәсіпке дағдыланған. Шаруалардың қолындағы техника да мақта шаруашылығына арналған. Оларды сатып алуға миллиардтаған қаржы кетті. Науқаншылықпен мақта алқаптары қысқарса, шаруалар бірден сазға

отырады.

Президент Жолдауда су тапшылығы мәселесін көтеріп, ауыл шаруашылығында су үнемдеу технологиясына көшу қажеттігін бекер айтпады. Өйткені шынымен де жылдан-жылға егістік алқаптарына су жеткізу мәселесі қиындап барады. Бұл проблеманың бірден-бір шешімі – ол тамшылатып суару технологиясы. Серіктестік өз тәжірибесінде тамшылату мен жаңбырлатып суару технологиясының бәрін қолданып көрген. Шаруашылық басшысының айтуынша, мұндай технологияны пайдалануға ірі агрокомпаниялардың шамасы келер. Ондай тәсілді қолдануды шағын фермерлік қожалықтардың қалтасы көтере бермейді. Өзін осындай шаруашылықтың бар-жоғы 3-5 гектар жері бар. Содан тапқан табысы су үнемдеу технологиясын өндіруге жетпейтіні белгілі. Сол үшін бұл арада мемлекеттің көмегі ауадай қажет. Бюджет есебінен егістік басына электр энергиясы тартылып, құдық қазылса, шаруа тамшылатып суару жүйесіне ойланбастан көшер еді. Тіршілік нәрін құбыр арқылы шақтап беріп отыру тиімділікті де екі есеге ұлғайтады. Өлбетте, мұндай жобаны жүзеге асыру арзан болмайды. Осы орайда мемлекет кеткен шығынның 50 пайызын субсидияласа, қалғанын 3-4 жылға бөліп төлеуге шаруаның міндетіне арта сәтті болар еді, деген ойын жеткізді кәсіпкер. Және бұл істі тезірек қолға алу керектігін мәлімдеді. Өз кезегінде «Қазагроқаржы» АҚ-ның Шымкент қаласы мен Түркістан облысы бойынша филиал директорының орынбасары Бекжан Жұқабаев қаржы ұйымы өңірдегі шаруаларды белсенді түрде жаңа техникалармен қолдап жатқанын айтты.

«2023 жылы филиал жергілікті фермерлерге 9,5 миллиард теңгеге ауыл шаруашылығы техникасын лизингке беру бойынша ауқымды жоспарлар белгіледі. Бүгінгі таңда жылдық меженің 74 пайызы орындалды, яғни 7,3 миллиард теңгенің құрал-жабдықтары бенефициарларға жалға берілді. Олардың ішінде 575 техника болса, 176-сы мақта жинауға арналған трактор, комбайндар мен қажетті агрегаттар. Осылайша, қаржы ұйымы күш-жігерін шаруаларды қолдауға жұмсау арқылы мақта шаруашылығын, жалпы агроөнеркәсіп кешенін дамытуға үлесін қосып жатыр», деді Б.Жұқабаев. «Қазагроқаржы» өкілінің айтуынша, «Рамазан-Агро» ЖШС нағыз заманауи техникаға дәл осы қаржы ұйымының көмегінің арқасында қол жеткізген. Серіктестіктің меншігінде бүгінгі таңда 120-дан астам техника бар. Ол «John Deere» мақта комбайндары, «John Deere» және «Беларус» доңғалақты тракторлары, трактор тіркемелері, алдыңғы және телескоптық тиегіштер, культиваторлар, сепкіштер, соқалар мен тағы басқалары.

«Рамазан-Агроның» өзінде алпысқа жуық адам тұрақты жұмыс істейді. Ал жиын-терім науқанында жұмысшылар саны 350-ден асады. Жалпы, әлемдегі талшық өндірісінің 35 пайызы мақтаның үлесіне тиесілі. Дамушы елдердің экономикасын өрге сүйреп келе жатқан саланың бірі де – мақта шаруашылығы. Сондықтан бұл дақылға «ақ алтын» деп бекер ат қоймаған. Президент Жолдауында айтылғандай, алдағы 5 жылда еліміздің ішкі жалпы өнім көлемі бірнеше есеге өсіп, 450 млрд долларды құрауы тиіс. Экономикалық көшбасшы салалардың ішінде мақта шаруашылығының да олар орны айрықша болады деген сенім бар.

Ө.ЖҰМАШБАЙ,  
журналист.

■ «Қуатты өңірлер - ел дамуының драйвері» жобасы

# ЖҰМЫС КҮШІ ЖЕТІСПЕЙТІН

Егін егіп, мал ұстауға табиғаты қолайлы Түркістан облысына қоныс аударуға құмбыл қандастарымыз көп. Оларға мемлекет тарапынан қандай көмектер көрсетілуде? Енді осыған тоқталайық.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Әсия Темірбаеваның айтуынша, биылғы 1 тамызға дейін облысқа 609 отбасы, 851 этникалық қазақ қоныс аударып, оларға қандас мәртебесі беріліпті. Атап айтқанда, Өзбекстаннан – 820 адам, Ауғанстаннан – 9 адам, Тәжікстаннан – 7 адам, бұдан басқа мемлекеттерден 15 адам келген. Сарыағаш ауданына 284 адам, Қазығұрт ауданына – 141, Ордабасы ауданына – 110, Келес ауданына – 79, Сайрам ауданына – 44, Түлкібас ауданына – 54, Түркістан қаласына – 16, Арыс қаласына – 2, Бәйдібек ауданына – 2, Кентау қаласына – 3 адам), Мақтаарал ауданына – 37, Жетісай ауданына – 35, Төлеби ауданына – 23, Шардара ауданына 21 адам қоныстанды.

– Қандастардың басым көпшілігі арнайы оқу орындарын бітірмегендіктен құрылыс саласында жұмыс істеп, сауда-саттықпен айналысады, ауыл шаруашылығымен шұғылданады, – дейді облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Әсия Темірбаева. – Қоныс аударған қандастарымыздың 556-сы еңбекке жарамды. Оның ішінде 14 адам жалдамалы жұмысшы, 396-сы өзін-өзі жұмыспен қамтыған, 80 адам жұмыссыз немесе жұмыс іздеуші. Басқа да санаттар бойынша 66 адам тіркелген. Еңбекке жарамды 48 этникалық қазақтың білімі жоғары екен. Ал, 242 адам орта кәсіптік, 258-і адам жалпы орта білім алған, 8 адамның орта білімі жоқ.

Босқын мәртебесін беру рәсімі ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің «Босқын мәртебесін беру туралы өтініш хатты тіркеу мен қарау қағидаларын бекіту туралы» 2022 7-сәуірдегі жылғы №118 бұйрығына сәйкес жүргізілген. Бүгінгі таңға өңірімізде 3 шетел азаматына (3 отбасы) пана іздеуші куәлігі және 8 шетел азаматына (3 отбасы) босқын куәлігі беріліпті. Оның ішінде үшеуі пана іздеушілер мәртебесіне ие. Мысалы, 1 адам Украинадан келсе, 2 адам Ауғанстан Ислам Республикасының азаматы. Босқындар да көп емес, барлығы 3 отбасы (8 адам) тіркелді. Екі отбасы Украиндан келсе, 6 адам (1 отбасы) Ауғанстан Республикасының азаматы саналады. Жалпы, босқын мәртебесін беру бойынша облыс әкімінің шешімімен құрылған комиссия отырыстарында қарау үшін пана іздеушілердің құжаттары, берген ақпараттарының шынайылығын анықтау және сұрау салу бойынша басқарма басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп, жүйелі істер жүргізуде. Аталған жұмыстар жалғасын табуда.

Біз шетелдік жұмыс күшіне қаншалықты мұқтажбыз? 2023 жылға шетелдік жұмыс күшін тартуға квота ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №541 бұйрығына сәйкес



## СОЛТҮСТІККЕ ҚОНЫС АУДАРУ ЖАЛҒАСУДА

Түркістан облысы бойынша 250 (I санатты 7, II санатты 83, III санатты 120, IV санатты 40 бірлік) болып бекітілген екен. Бөлінген квота негізінде өткен 6 айда 18 кәсіпорын мен ұйымға 86 (оның ішінде 1-санатты – 2 адам, 2-санатты – 25 адам, 3-санатты – 37 адам, 4-санатты 22 адам) шетел азаматына рұқсат берілді.

Бүгінгі таңда рұқсат мерзімі аяқталмаған 111 (оның ішінде 1-санатты – 5 адам, 2-санатты – 32 адам, 3-санатты – 50 адам, 4-санатты – 24 адам, корпоротивішілік ауысу – 1) шетелдік азамат 22 кәсіпорында жұмыс істеуде. Шетелдік жұмыс күшіне рұқсат алғаны және мерзімін ұзартқаны үшін төленген салық алымы 60,4 млн. теңгені құрады.

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» жобасы аясында 2015 жылдан бері Түркістан облысынан еліміздің жұмыс күші жетіспейтін солтүстік өңірлерге халықты қоныстандыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Жалпы, біздің облыстан 2015-2022 жылдар аралығында 11 784 адам (3 080 отбасы) қоныс аударыпты. Мәселен, 2015 жылы 8 отбасы (32 адам), 2016 жылы 146 отбасы (665), 2017 жылы 193 отбасы (745), 2018 жылы 455 отбасы (1768), 2019 жылы 560 отбасы (1757), 2020 жылы 347 отбасы (1066), 2021 жылы 816 отбасы (3730), 2022 жылы 555 отбасы (2021 адам) көшіп барды. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылдармен салыстырғанда 3 есеге ұлғайып отыр.

Биылға Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі республика бойынша 6727 квота бөліп, қоныс аударушылар үшін мемлекеттік қолдау көрсететін 7 облыс (Абай, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ұлытау, Шығыс Қазақстан облыстары) белгіленді. Бөлінген квота

негізінде биылғы алты айда Түркістан облысынан 238 отбасы (885 адам) қоныс аударды. Атап айтқанда, Павлодар облысына 98 отбасы (335 адам), Солтүстік Қазақстан облысына 77 отбасы (319), Абай облысына 5 отбасы (12), Ұлытау облысына 1 отбасы (8), Шығыс Қазақстан облысына 25 отбасы (87), Қостанай облысына 32 отбасы (124 адам) қоныс аударды.

Басқа өңірлерге көшіп барған 352 адам немесе олардың 40%-ы жұмысқа қабілетті. Ал, қалған – 49,2%-ы балалар (435 адам), 4,7%-ы жастар немесе студент (42 адам), 0,5%-ы зейнеткер (4 адам), 4,1%-ы бала күтіміндегілер (36 адам) және 1,8%-ы басқа санаттағылар (16 адам) саналады.

Қоныс аударғандардың көпшілігі өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналасса, енді біразы агросекторда мал, егін шаруашылығымен айналысу үшін арнайы жер алып, өз кәсіптерін ашты. Сөйтіп, еңбекке жарамды топтың 215 адамы тұрақты жұмысқа орналасты. Ал, 38-і өз кәсібін жүргізіп отыр. 46 адам үй шаруасында болса, 51-і басқа да әлеуметтік қолдау шараларына (оқу, грант) қатысты. Солтүстік өңірлерге қоныстанған тұрғындардың жағдайы қазір бұрынғысымен салыстырғанда көш ілгері деп айтсақ болады. Оларға барынша әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасалуда. Мәселен, тұрғын үй, жер телімі, балабақша, мектеппен және мемлекет тарапынан берілетін басқа да тиісті қаражаттармен қамтамасыз етілді.

Аталған игілікті істер одан әрі жалғасын табуда. Сондықтан біздің облыстан солтүстік өңірлерге көшіп баруға талапкерлер жыл өткен сайын көбейіп келеді.

**С.ЖЕКСЕНБАЕВ,**  
журналист.

Өндірістік кооператив басшыларының назарына!

## АҒЫН СУ ПАЙДАЛАНДЫҒЫЗ БА, ҚАРЫЗЫҒЫЗДЫ ТӨЛЕҢІЗ!

2023 жылы Мақтаарал ауданы бойынша қысқы сор шаю науқанында 93 012 000 м³ сек. және жазғы суғару науқанында 185 835 000 м³ сек. жалпы 278 847 000 м³ сек. ағын су тұтынушы құрылымдарға жеткізіп бердік. Жеткізіп берілген ағын су қызметі 200 334 336 теңге құрады. Бүгінгі күнге ағын су тұтынушы ауылшаруашылық өндірістік кооперативтерінің «Қазсушар» РМК Түркістан филиалының алдында берешек қарызы 79 212 994,58 теңгені құрайды.

Ағымдағы жылы қысқы сор шаю науқаны 01.12.2023 жылы басталуы жоспарлануда. Төмендегі аталған ауылшаруашылық өндірістік кооперативтерінен пайдаланған ағын суға берешек қарыздарын тез арада төлем ақы жасап құтылуларын сұраймыз. Қарызды қайтармаған жағдайда келісім-шарт түзілмейтіндігін, ағын су босатылмайтындығын және қарыздарды сот тәртібіне жүгініп өндіруге мәжбүр болатынымызды хабарлаймыз.

23.10.2023 ж.

№	Ауыл округі	Су тұтынушы құрылыс атауы	Басшысы А.Т.Ж.	Берешек қарызы
1	Мақтаарал	АТАКЕНТ СУ	Е.Сатыбалдиев	7 210 075,64
2	Қалыбеков	Абат-Симар	Қ.Бейсенбаев	1 636 179,13
3	Достық	Гүлістан-Достық	Х.Додожанов	216 131,08
4	Иіржар, Бірлік, Жамбыл	ДИҚАН-2050	А.Исмадияров	47 852 145,96
5	Жаңа Жол	Жаңа Жол-2050	Б.Биболов	3 714 302,96
6	Жаңа Жол, Еңбекші	Жебе-1	Б.Молдакадиров	8 921 673,21
7	Нұрлыбаев	Мырзашөл-1	А.Абдикадиров	8 810 068,44
8	Нұрлыбаев	КазАгро-М	М.Орынбасаров	952 418,16
	Жалпы:			79 212 994,58

С.ТОЙТАНОВ,  
«Қазсушар» РМК ТФ Мақтаарал ӨБ басшылығы.

### ■ МАМАН КЕҢЕСІ

## ӨСІМПҰЛ МЕН АЙЫППҰЛДАРДЫҒЫ ҚАТЕ ТӨЛЕНГЕН СОМАСЫН ЕСЕПКЕ ЖАТҚЫЗУ ЖӘНЕ ҚАЙТАРУ

Есепке жатқызуды немесе қайтаруды жүргізу күніне салықтың бюджетке төленетін төлемнің өсімпұл бойынша бюджетке төленген және есептелген суммалар арасындағы оң айырма бұл бюджетке төленген салықтың өсімпұлдың артық төленген суммасы болып табылады. Алдыңғы салықтық кезеңдердегі ҚҚС бойынша есеп қисаптар ескеріле отырып салықтық кезеңде бюджетке төленген ҚҚС бойынша суммалары мен есептелген суммалары арасындағы оң айырма артық төлем болып табылады. Тіркеу ғалымдарының жекелеген қызмет түрімен айналысуға лицензияларды, радиожиілік спектрды пайдалануға рұқсаттарды, сыртқы көрнекі жарнамаларды орналастырғаны үшін төлемақылар, мемлекеттік баждың төленген суммалары жүзеге асырылуы үшін осындай төлемдерді төлеу талап етілетін әрекеттерді жасамауы фактісын тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар электрондық база арқылы немесе қағаз түрінде растаған жағдайда артық төлем болып табылады. Орманды пайдаланғаны үшін төлемақының төленген суммалары орман пайдалануға арналған ағаш кесу билетін пайдаланбаған жағдайда артық төлем болып табылады. Салық органы салықтың бюджетке төленетін төлемнің өсімпұлдың суммасын есепке жатқызуды және қайтару ұлттық валютада жүргізеді, тиісті салық бюджетке төленетін төлемнің өсімпұл бойынша жеке шоттырдың жүргізу орны бойынша жеке шоттардың мәліметі негізінде, ал жеке шоттар жүргізілмейтін бюджетке төленетін төлемдерді төлеу орны бойынша тиісті уәкілетті мемлекеттік орган брған электрондық база арқылы немесе қағаз жеткізілген алынған жүзеге асырылуы үшін бюджеттік төлемдерді төлеу көзделген әрекеттердің жасалмағанын растайтын салық төлеуші ұсынған құжаттардың негіздемесінде жүргізіледі. Салық органы салықтың бюджетке төленетін төлемдердің өсімпұлдардың артық төленген суммасын есепке жатқызуды және қайтаруды салық төлеушінің берген өтініші тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Өтінішсіз есепке жатқызуды жүргізген жағдайда салық төлеушінің жеке шотында артық төленген сомма түзілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Салық органы Салықтың бюджетке төленген төлемнің өсімпұлдың артық төленген суммасын қайтаруды бюджетке салықтың берешегі болмаған жағдайда СТ өтінішіне сәйкес бес жұмыс күні ішінде банктік шотына қайтарылады. Салық органы салықтан берешегі болған жағдайда есепке жатқызуды арналған салықтық өтінішті ұсынбастан орын алған салықтық берешекті өтеу есебіне салықтың бюджетке төленетін төлемнің өсімпұлдың артық төленген суммасын есепке жатқызуды жүргізеді. Егер СТ заңды тұлға болып салықтың бюджетке төленетін төлемнің өсімпұлдың артық төленген суммасын есепке жатқызуды арналған салықтық өтініші ұсынылмастан заңды тұлғаның оның құрылымдық бөлімшесінің салықтық берешегін өтеу есебіне жүргізіледі. Салықтың бюджетке төленетін төлемнің өсімпұлдың артық төленген суммасының есепке жатқызылуы жүргізіліп болған кейінгі қалдығы қайтаруға жатады. Есепке жатқызуды жатпайды заңды тұлға мен оның құрылымдық бөлімшесінің арасындағы есепке жатқызудан басқа салықтың бюджетке төленетін төлемнің өсімпұлдың артық төленген суммасы басқа бір СТ салықтық берешегін өтеу есебіне жатқызылмайды. Мемлекеттік баждың төленген суммасы, жануарлардың дүниесін пайдаланғаны, ерекше қорғалатын табиғи аймақтарды пайдаланғаны үшін төлемақының суммаларын осындай суммалардың қате төленген жағдайын есептемегенде есепке жатқызылмайды. СТ салықтық өтініші бойынша ал бюджетке салықтық берешек суммасы болмаған жағдайда өтініште көрсетілген салықтың немесе бюджетке төленетін төлемнің тиісті түрі бойынша алдағы төлемдер есебіне жатқызылады. Және құрылымдық бөлімшесі бар заңды тұлға болып табылатын СТ салықтық өтінішіне сәйкес бюджетке төленетін төлемнің тиісті түрі бойынша осы заңды тұлғаның салықтық берешегін өтеу есебіне жүргізіледі. Салықтық өтінішінсіз салықтың бюджетке төленетін төлемдердің өзге салық түрлерінің берешек сомаларына жүргізіледі, сонымен қатар артық төленген сомма белгілі бір салық түрінен өсімпұлды, айыппұлды өтеу есебіне жүргізіледі.

Е салық Азамат ақысыз мобильдік қосымшасы ел тұрғындарына барынша ыңғайлы болуы үшін жасалған және бұл кез келген азамат үшін қолжетімді. Салықтарды төлеудің электрондық сервисі салықтар бойынша төлеу мерзімін өткізіп алуды жояды. Салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді кез келген уақытта және кез келген жерде төлеу мүмкіндігі бар. Е салық мобильдік қосымшасында салық өміяны, жалпыға бірдей декларациялау, салық салу объектілері, электрондық сервистер, салық және әлеуметтік төлемдер бойынша берешектері, артық төлемдерді басқару туралы қызмет түрлері ұсынылған. Соның ішінде артық төлемдер сервисіне тоқтап кетейін. Атап айтқанда, ол бір салықтан артық төлемді басқа салықтарға жатқызуды арқылы жүзеге асырылады, сонымен қатар қаражатты банктік шотқа қайтаруға болады. Е салық Азамат мобильдік қосымшасында Артық төлем салымында салық төлеушінің қандай салықтар бойынша артық төлем жасалғаны және артық төлеммен қандай іс әрекеттерді жүргізгенді келетіні не басқа салықтарға есепке жатқызатыны, не өзінің банктік шотына қайтаратыны көрсетіледі. Қайтару үшін шоттың деректемелерін банкті және қайтару жүргізу үшін сомманы көрсету қажет. Сомманы тыныссыз көрсету керек. Өтінішті толтырып жібергеннен кейін Сіз оны История койындысында бақылай аласыз.

Р.КОШИКБАЕВА,  
Мақтаарал ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының бөлім басшысы.

## БАЗАРБАЙ МОМБЕКҰЛЫ

Үстіміздегі жылы 21 қазанда мемлекеттік қызмет саласының ардагері, асқар тау өке, адал жар, қадірлі дос, Мақтаарал, Отырар аудандарының Құрметті азаматы Базарбай Момбекұлы ағамыз өмірден өтті.

Өмір-ай десеңізші. Күні кеше ғана арамьзда жайрандап жүрген жаны жайсаң жаннан бір пәсте айырылып қаламыз деп кім ойлаған? Ажалға араша тұрар құдірет жоқ деген осы екен ғой. Базарбай аға бүкіп саналы ғұмырында мемлекеттік қызмет саласында тынымсыз еңбек етіп, елге қалтқысыз қызмет етті. Мақтаарал, Жетісай аудандарының дамуына өзіндік үлесін қосқан азамат еді. Ол әртүрлі лауазымды қызметтерді үлкен абыроймен атқарып, өзінің бар білімі мен ұйымдастырушылық дарынын қасиетті де киелі Мырзашөлдің игілігіне жұмсады. Қай қызметте де өзін қарапайым, жан-жүрегі адал әрі істің көзін білетін беделді тұлға ретінде танытып, елдің ыстық ықыласы мен сүйіспеншілігіне бөленді. Шын мәнінде сауатты, білімді, іскер азамат екенін дәлелдеп өтті.

Б.Момбекұлы 1945 жылдың 9 мамырында Түркістан облысы, Отырар ауданының Шәуілдір ауылында туылған. 1965 жылы Шымкент педагогикалық институтын физика пәнінің мұғалімі, 1982 жылы Ташкент ауыл шаруашылығы институтын ғалым-агроном мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1965 жылы Шымкент педагогикалық институтын бітірген соң, Қызылқұм ауданының «Овцевод» орта мектебінің мұғалімі болып бастаған. 1965-1966 жылдары Кеңес Армиясы қатарында қызмет етті. 1967-1987 жылдары Қызылқұм ауданының Жамбыл атындағы орта мектебінің мұғалімі, аудандық комсомол комитетінің екінші, бірінші хатшысы, Жетісай аудандық партия комитетінің жауапты қызметкері, ауыл шаруашылығы қызметкерлері кәсіподағының аудандық комитетінің төрағасы, «Красная звезда» кеңшары партия комитетінің хатшысы қызметтерін атқарды. 1987-1992 жылдары облыстық партия комитетінің жолдамасымен бұрынғы Алғабас аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, «Алғабас» кеңшары партия комитетінің хатшысы болған. 1992-2005 жылдары Жетісай, іріленген Мақтаарал ауданы әкімі аппаратының басшысы, одан соң ауданның халықты жұмыспен қамту бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. 2005 жылдың ақпан айынан ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметінде болды. Базарбай аға 2009 жылы зейнеткерлікке шыққан соң, 2015 жылдың наурызына дейін ауыл шаруашылығы еңбеккерлері кәсіподағының аудандық комитетінің төрағасы, облыстық кәсіподақтар Кеңесі аппаратының жауапты қызметтерін абыроймен атқарды.

Елге сіңірген еңбектері бағаланып, Республика Президентінің Жарлықтарымен «Қазақстан Конституциясына – 10 жыл», «Астанаға – 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 20 жыл» мерекелік медальдарымен, сондай-ақ, «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Мақтаарал және Отырар аудандарының Құрметті азаматы. Бірнеше рет бұрынғы Қызылқұм, Жетісай және Алғабас аудандық партия комитеттері мен аудандық Кеңестердің депутаты болып сайланып, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысты.

Базарбай Момбекұлы парасаты мол, досқа адал, әрдайым сабырлы, кешірімді, кісіге қайырым-мейірімді мол, кең пейілді, биязы жан еді. Базарбай Момбекұлының өмірден өтуіне байланысты отбасына, Бірнеше рет бұрынғы Қызылқұм, Жетісай және Алғабас аудандық партия комитеттері мен аудандық Кеңестердің депутаты болып сайланып, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысты.

Б.АСАНОВ, Қ.СӨРСЕКБАЕВ, Б.ТӨРЕБЕКОВ, Н.САТТАРОВ,  
А.ШАНАҚҰЛОВА, М.СӨРСЕНОВ, Н.АТАҚҰЛОВ, С.ОҢҒАРОВ,  
А.БОЗАЕВ, Қ.ХАМЕТОВ, Ө.БАЙДУЛЛАЕВ, М.ЕРДЕШОВ,  
Ш.ҚҰРБАНБАЕВА, П.ЕСЕНБЕКОВ, С.ҚАЛДЫБАЕВ.

## МҮГЕДЕКТІК КӘСІП ДАМУЫҒА

### КЕДЕРГІ ЕМЕС

Диденко Юрий Викторович Мақтаарал ауданына қарасты Атакент кентінің ерекше жанды тұрғыны.

Бастау-бизнес кәсіпкерлік негіздері бойынша оқу курсын онлайн SKILLS.ENBEK.KZ порталында 2022 жылы оқу курсын аяқтап сертификат алды. Аталған жоба бойынша "Құс шаруашылығын дамыту" жобасымен 2023 жылдың наурыз айында 1-ші лекке онлайн түрде

BUSINESS.ENBEK.KZ порталы арқылы өтінім білдіріп, комиссия қорытындысы нәтижесінде 400 АЕК (1 380 000 тг) мемлекеттік грант қаражатын ұтып алды. Қазіргі таңда тауық, үндік, үйректі бағып кәсібін дамытып, табысын арттырып отыр.

К.МАМАСЕИТОВ,  
аудандық Мансап орталығының бөлім басшысы.

### СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Сенім телефоны-лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттері, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалану туралы, дайындалып жатқан немесе болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі, Мемлекеттік қызметке кір келтіретін теріс қылықтар, қызметтік әдеп нормаларын сақтамау туралы хабарлауға мүмкіндік беретін әлеуметтік маңызы бар қызмет түрлерінің бірі.

Мақтаарал аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының мемлекеттік қызметшілерінің "ҚР мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі" және "ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңының" талаптарын сақтамау фактілеріне, сондай-ақ олардың теріс әрекеттерін байқаған болсаңыз +7(72534)3-25-79 "Сенім телефонына" хабарласуыңызға болады.



■ Тағылымды іс-шара

## Ардагерлер ұлықталған күн

С.Мұқанов атындағы №40 жалпы орта мектебінде «Қарттар күні» мен «Ұстаздар күні» мерекесіне орай еңбек ардагерлері мен ардагер ұстаздарымыздың атына берілген жеті сынып бөлмелерінің және «Өкелер аллеясының» ашылуына арналған кең ауқымды іс-шара болып өтті. Атап айтар болсақ соғыс және еңбек ардагері Жұманов Айтуған ағамызға бастауыш сыныбы, ардагер ұстаз Тұтқабаева Тұрды ағайымызға бастауыш сынып кабинеті, ардагер ұстаз көп жылдар директорлық қызмет атқарған Айнамқұлов Сатыбалды ағайымызға химия, биология пәні кабинеті, ардагер ұстаз Айнамқұлов Сапаралы ағайымызға қазақ тілі мен әдебиеті пәні кабинеті, ардагер ұстаз он сегіз жыл директорлық қызмет атқарған Мырзалиев Қаржаубай ағайымызға математика пәні кабинеті, ардагер ұстаз ағайымыз Құрбанова Биғайшаға орыс тілі мен әдебиеті пәні кабинеті, Ахвердиев Ирза ағайымызға алғашқы әскери дайындық пәні кабинеттері берілді.



Мерекеге орай ұйымдастырылған іс-шараға Мақтаарал ауданы әкіміне үміткер Бақыт Асанов, Мақтаарал аудандық мәслихатының хатшысы Қадыр Сәрсекбаев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оңғаров Сейтбек, Мақтаарал ауданы білім бөлімінің басшысы Серікбаев Мұратбек және мектеп директорлары мен білім бөлімінің әдіскерлері, ата-аналар кеңесінің төрағасы Мамышов Датқабек, қамқоршылық кеңесінің төрағасы Болтаев Әмірбай, өкелер мектебінің төрағасы Усіпбеков Мырзабай, еңбек ардагерлері мен ардагер ұстаздарымыз, ауыл ақсақалдары қатысты.

Мемлекетіміздің Әнұраны орындалған соң, мерекелік іс-шараны Бақыт Асанов ашып, жиынға қатысқан барлық ауыл тұрғындары мен ұстаздарды мерекелем құттықтап, демеушілік жасаған барлық азаматтарға, үкіметке қол жаймай, өз қалталарынан қаражат жұмсап, қайырымдылық жасағандары үшін рахмет айтты. Мақтаарал ауданы білім бөлімінің басшысы Мұратбек Серікбаев мырза бұл ауқымды іс-шара, жеті бірдей ардагерлерге құрмет көрсетіліп, сынып бөлмелерін жариялы түрде беру аудан көлемінде алғаш рет өткізіліп жатқанына ризалық білдірді. Сөз соңында ұстаздарды төл мерекесімен құттықтап, демеушілік жасап, оқушыларымызға қуаныш сыйлаған бір топ азаматтарды, атап айтар болсақ Көбеев Құлмаханбет, Мамышов Датқабек, Мырзалиев Ұлықбек, Көбеев Болат, Байташов Анарбек, Жұманов Бақберген, Орынбаев Асылбек, Айнамқұлов Нұрлан, Құрбанова Биғайша, Ахвердиев Ирза сынды азаматтар мен азаматшаларды білім бөлімінің атынан Алғыс хаттармен марапаттады. Мектеп директоры Абдраимов Бауыржан мектебімізде 40 жылдай еңбек етіп, зейнетке шыққан ұстаздарға құрмет көрсетіп, мектеп әкімшілігі тарапынан Алғыс хаттармен марапаттап, демеушілік жасаған азаматтар мен ата-аналарға, ұстаздар және оқушылар атынан өз алғысын жеткізді. Іс-шара барысында ардагерлерге берілген сынып бөлмелерінің ленталары қиылып, шашу шашылды. Ұстаздар күні мерекесіне орай жас ұстаздар арасында «Үздік жас маман-2023» атты сайыс ұйымдастырылды. Жеңімпаз деп танылған жас маман иелерін Мақтаарал аудандық кәсіподақ ұйымының төрағасы Алданияз Жолдасов мырза арнайы дипломдармен марапаттап, сыйлықтар тапсырды. Жиын соңында өмірден өткен ардагерлердің ұрпақтары қонақ асын ұйымдастырып, рухтарына Құран бағыштады.

Усенбай ТАҒАЕВ,  
С.Мұқанов атындағы №40 жалпы орта мектебі  
директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

■ Спорт - денсаулық кепілі

## Кіші футболдан жарыс өтті

Ауданымызда рухани келісім күніне орай имамдар мен мешіт жамағаттары арасында кіші футболдан жарыс өтті. Аталған шараны аудандық ішкі саясат бөлімі мен аудандық «Мүгедектер және ардагерлер» қоғамдық бірлестігі біргелікте ұйымдастырды.

Спорттық додаға ауданға қарасты кент, барлық ауылдық округтерден 10 команда қатысып, бақтарын сынады. Тартысты өткен ойынның қорытындысы бойынша командалар арасында өзгелерден оқ бойы озық шыққан Жаңа жол ауылдық округі «Молла Исмайл» мешітінің командасына III орын бұйырса, II орынға Достық ауылдық округі «Молла Хабас» мешітінің командасы табан тіреді. Жұлделі I орын Мырзакент кентіндегі орталық «Абдул-Өкім» мешітінің командасына бұйырды.

Сайыс соңында жұлделі орынға ие болған командалар мен түрлі номинация иеленген жекелеген ойыншыларға, сонымен қатар аудандағы дін саласында нәтижелі қызмет етіп жүрген имамдарға аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Тамара Ташева Алғыс хаттар мен арнайы дипломдар, бағалы заттай сыйлықтар тапсырды.

Жалғас АДЫРБЕКОВ.



■ Ұстаздық еткен жалықпас...

## Жаңашыл жас педагог



Мұғалімнің басты міндетінің бірі – оқушының оқу-білімге деген құлшынысын, ынтасын арттыру. Ол үшін әрбір ұстаз өзіне жүктелген жауапкершілікті жете сезініп, күн сайын оқып, ізденуі тиіс. Әрбір сабаққа мұқият дайындалып, оны қызықты әрі мазмұнды етіп өткізуге күш салуы қажет. Білім күн сайын жаңарып жатады. Сол білімге ілесіп отыру өте маңызды.

Ж.Нұрлыбаев атындағы жалпы орта мектебінде ағылшын тілі пәнінен сабақ беретін Ұлбосын Аманқұлова осы талап биігінен көрініп, шәкірттеріне сапалы білім беріп келе жатқан білікті ұстаздардың бірі. Ол балаларға ағылшын тілі пәнін интербелсенді әдістері арқылы меңгертуге күш салып келеді. Шет тілін үйрету оңай емес. Ол үшін ағылшын тілі сабағын өткізудің озық тәжірибелерін зерделеп, оқытудың заманауи әдістері мен технологияларын шеберлікпен қолданудың тиімділігі зор. Сабақ барысында Ұлбосын түрлі оқу көрнекіліктерін сәтті қолданып, сұрақ-жауап, түрлі ойындар өткізу арқылы балалардың ағылшын тілін үйренуге деген құлшынысын күшейтуге баса мән береді.

Ұ.Аманқұлова оқушылардың сөздікпен жұмыс істеп, аударма тәсілін игеруіне де ерекше көңіл бөледі. Жаңашыл ұстаз Ұлбосын Аманқұлова алдағы кезде де шығармашылық ізденісін арттырып, бұдан да биік белестерді бағындырады деп сенеміз.

С.ДҮЙСЕНБЕКҰЛЫ.

## Химия пәнінің білгірі

Заман өзгеріп, буын алмасып, ұрпақ жаңарса да, мұғалімнің орны қашанда төр. «Ұстаздық – ұлық емес, ұлы қызмет» демекші, осы бір қиын да қызықты мамандықты игеріп, абырой биігінен көрініп жүрген Ақтай Бекжан Жексенбайұлы Ж.Нұрлыбаев атындағы орта мектепте химия пәнінен сабақ береді.

Әрбір ұстаз ең әуелі адамгершіліктің ақ жолын ұстанып, білімді де білікті болуға талпынып өз пәнін жетік білумен бірге, шығармашылықпен айналысып, ізденімпаз болуы тиіс. Осы талап деңгейінен көрінуге күш салып, оқушыларға сапалы білім беруді мақсат еткен Ақтай Бекжан Түркістан облысы бойынша өткен ғылыми-практикалық конференцияда озық ойлары мен тәжірибесін ортаға салып көзге түсті. Өткен жылы ол мұғалімдер арасында өткен пән олимпиадасының аудандық кезеңінде үздік нәтиже көрсетіп, III дәрежелі Дипломмен марапатталды, пән мұғалімдерінің олимпиадалары мен байқауларына белсене қатысып, жаңашыл, тың ойларымен дараланып жүр.

– Бүгінгі балалар түрлі гаджеттерге, интернеттегі ойындарға құмартып тұрады. Олардың ойын бөліп, білім әлеміне, химия пәнінің құпияларына қызықтыру үшін сабақ өткізудің түрлі озық әдістерін қолдануға күш саламын, – дейді Ақтай Бекжан.

Балалардың көкірегіндегі білім сәулесін жағу, оқуға деген қызығушылығын арттыру оңай шаруа емес. Осы талап биігінен көрінуді мақсат еткен жас ұстазға мол табыс, сәттілік тілейміз.

С.КЕНЖЕТАЕВ.

## Білікті ұстаз



Білім ұясында тәлім алып жүрген әрбір оқушы үшін ата-анадан кейінгі ең қымбат жан – ұстаз. Ұлт қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, мектептің жаны – мұғалім, мұғалім қандай болса, мектеп те сондай болмақ. Қастерлі мамандық – ұстаздықты таңдап, шәкірттерге терең білім, саналы тәрбие беруді басты мақсаты еткен Мунира Исаева Ж.Нұрлыбаев атындағы орта мектепте жемісті еңбек етуде.

Мунира жас та болса талай жетістіктерге жетіп, балаларға тарих пәні бойынша тиянақты, сапалы білім беріп келеді. Шәкірттері түрлі білім байқаулары мен олимпиадаларына белсене қатысып, бірнеше рет жеңімпаз атанды. Мәселен, тарих, география, жаратылыстану пәндері бойынша 5-11 сынып оқушылары арасында өткен республикалық «Алтын ұрпақ» зияткерлік олимпиадасында шәкірттері жақсы нәтиже көрсетіп, топ жарды.

Мунира үнемі ізденіп, білімін жетілдіріп отырады. ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Өрлеу» біліктігін арттыру ұлттық орталығында оқып, өз пәні бойынша кәсіби білім деңгейін арттырды. Сондай-ақ, ол «Ұстаз лайв біліктілікті дамыту орталығы» ұйымдастырған «Ұлағатты ұстаз» атты семинарға қатысып, гибриді форматта білім беру бағытын меңгерді. Оқушы психологиясын, білікті ұстаз болудың құпияларын терең бағына түсті. М.Исаева «Мұғалім мерейі» республикалық педагогикалық журналы аясында өткен «Ұлы қызмет» тақырыбындағы 4К моделі бойынша және «Алтын білім кілті» ғылыми әдістемелік орталығының сертификаттарын иеленді.

Мунира Аллабергенқызы өз пәніне байланысты оқытудың озық әдіс-тәсілдерін біліп, үйренуден жалықпайтын білімдар, білікті ұстаз.

О.ҚАЛДЫБАЙ.

## МАҚТААРАЛ

Директор – Бас редактор  
Сәбит Дүйсенбекұлы  
ҚАЛДЫБАЕВ

Ұялы байланыс: 8-702-306-29-24

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, есепке қою туралы №17705-Г куәлігі 15.05.2019 жылы берілген. (Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №17289-Г. 28.09.2018 жыл.)

## Құрылтайшы – Мақтаарал ауданы әкімдігі Меншік иесі – “Мырзашөл” Мақтаарал аудандық газеті” ЖШС

Біздің мекенжайымыз: 160547  
Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы,  
Мырзакент кенті, Қуандықов көшесі, №80 Б үй.  
Мақтаарал аудандық мәслихатының ғимараты,  
1-ші қабатта №17-18 кабинеттер.

Нөмірдің кезекшісі:  
Суреттерді түсірген:  
Дизайнер:

Ж.АДЫРБЕКОВ  
Ж.ТӨРЕБЕКОВ  
Ұ.АСЫҚБАЙҚЫЗЫ

“Мақтааралда” жарияланған материалдарды көшіріп басқан жағдайда газетке сілтеме жасалуы міндетті.  
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.  
Авторлар қолжазбасы өңделеді және кері қайтарылмайды.

Газеттің таралу аймағы – Мақтаарал ауданы.

А – Мақаланың жариялану ақысы төленген.

Индекс: 66767.  
Шартты баспа табағы 1.  
Тапсырыс № 2699  
Таралымы – 1230

E-mail: maqtaaral\_gazeti@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
ЖК “PrintSap”  
баспаханасында басылды.  
Шымкент қаласы, Т.Әлімқұлов көшесі, №22.

Газет аптасына бір рет шығады